

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 шілдеде № 19092 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13594 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 28 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби дамуы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Заманауи педагогикалық менеджмент негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту арттыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дуальды білім беру жүйесін енгізу жағдайында өндірістік технологиялық процестерді модельдеуді пайдалану әдістемесі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының баспа, полиграфия, кітап тарату саласындағы арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дуальды оқыту жүйесін ендіру жағдайында техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырудың кластерлік тәсілі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының туризм мен қонақ үй шаруашылығы саласындағы мамандықтар бойынша арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында туризм және қонақ үй шаруашылығы саласы үшін мамандарды даярлаудың инновациялық амалдары" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының тамақтандыру мен мейрамханалық бизнес саласындағы мамандықтар бойынша арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Тамақтану саласы ұйымдарының мамандарын даярлаудағы инновациялық тәсіл – техникалық және кәсіптік білім беру түлектерін оқыту сапасының шарты ретінде" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Тігін өндірісі мен киімді модельдеу" мамандығы бойынша "Инклюзивті оқыту және дуальды оқыту элементтерін енгізу - техникалық және кәсіптік білім беру түлектерін бейімдеу және әлеуметтендіру шарты" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шаштараз өнері және сәндік косметика" мамандығы бойынша "Инклюзивті оқыту мен дуальды оқыту элементтерін енгізу - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде түлектерді әлеуметтендіру мен бейімдеудің шарты" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пәндер оқытушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дуальды оқыту жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жалпы-гуманитарлық пәндер оқытушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Жалпы-гуманитарлық пәндер оқытушыларының нәтижеге бағытталған білім беру моделінде қызмет жасауға кәсіби-тұлғалық дайындығы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндер оқытушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы жалпы білім беру пәндер оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жаратылыстану - математика пәндері оқытушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Жаратылыстану - математика пәндері оқытушысының нәтижеге бағытталған білім беру моделі жағдайындағы кәсіби-тұлғалық дайындығы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Кадрлар даярлау жүйесін жаңғыртуда мемлекеттік саясаттың және әлемдік үрдістердің аясында өзгерістерді басқару" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Дуальды оқыту жүйесі жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқу процесін жобалау мен ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының экология мамандықтары бойынша түлектеріне "таза өндірісті" енгізу

әдіснамасын оқытудың инновациялық әдістері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "0903000 "Электр энергетикасы" мамандығы бойынша оқыту мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Мұнайгаз саласының мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дуальды оқытудың ерекшеліктері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің педагогикалық шеберліктерін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында музыкалық-теориялық және арнайы пәндер бойынша білім беру процесін жобалау" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру технологияларын тиімді оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беруде заманауи педагогикалық және SMART-технологияларды пайдалану (SMART)" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Арнайы пәндерді оқыту процесінде білім алушылардың базалық және кәсіби құзыреттерін қалыптастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Инновациялық білім беру технологиялары техникалық және кәсіптік білім берудегі жаратылыстану-математика пәндері оқытушыларының кәсіби-педагогикалық қызметін дамытудың құралы ретінде" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "CLIL (КЛИЛ) әдістемесі: жалпы білім беретін пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту процесінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін тьюторлық сүйемелдеу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының құқықтық құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік-модульдік технологияларын енгізудің ерекшеліктері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "CLIL (КЛИЛ) әдістемесі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Бейіні (мамандығы) бойынша кадрлар даярлаудағы заманауи тәсілдемелер" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын іске асыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымын тиімді басқару. ISO 9001 (ИСО) халықаралық стандартына негізделген білім берудегі сапа менеджментінің жүйесі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Өндірістік оқыту шеберінің педагогикалық құзыреттілігі: дамыту және жетілдіру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Білім беру ұйымдары, оқу-әдістемелік кабинеттер, оқу-әдістемелік орталықтар әдіскерлерінің және облыстық білім басқармаларының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімдері

қызметкерлерінің қызметіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту процессінің негізгі аспектілері мен шарттары" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Арнайы пәндерді (модульдерді) ағылшын тілінде Content and Language Integrated Learning (Контент энд Лангуэдж Интэгрейтед Лернинг), Task-based Learning and Teaching (Таск-бэйзд Лернинг энд Тичинг) әдістемелері және Bridging-in - Outcomes - Pre-Assessment - Participatory learning - Post-assessment - Summary (Бриджинг-ин-Оуткамз-Пре-Ассесмент-Партисипэйтери Лернинг-Пост-ассэсмент-Саммари) моделінің интеграциясы негізінде оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ерекшеліктері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіпкерлік қызмет және қаржылық-құқықтық сауаттылықты дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқыту процесіне критериалдық бағалаудың әдістерін енгізу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальдық оқыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Қазақстан экономикасының негізгі секторларындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік оқыту бойынша тәлімгерлердің тиімді қызметін ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесіне IT-технологияларды енгізу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге психологиялық-педагогикалық жетекшілік ету" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивтік білім беру ортасын жобалауда жалпы білім беру пәндері оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында инклюзивтік білім беру ортасын жобалауда арнайы пәндер оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттер үшін техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру пәндері бойынша оқыту процесін жобалау" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Спорттық ойындар кәсіби-қолданбалы дене дайындығы құралы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

беру ұйымдарында модульдік-құзыреттілік тәсілді іске асыру барысында оқу процесін жобалау және ұйымдастыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Мобильді робототехника жүйелерін WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес әзірлеу" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Электронды құрылғыларды WorldSkills (ВорлдСкилз) стандарттарына сәйкес әзірлеу және бағдарламалау негіздері" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы бекітілсін;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңарту жағдайында информатика сабақтарында робот техникасы құралдарын қолдану" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жағдайында 3D-принтинг технологияларды қолдану" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы математикалық-жаратылыстану бағытындағы оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі заманауи психологиялық-педагогикалық технологиялар" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы" бекітілсін.

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 45-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-қосымшаларға сәйкес 53, 54, 55, 56, 57, 58 және 59-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жакыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 25 шілдедегі
№ 330 бұйрығына
1 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыз
№ 193 бұйрығына
1 - қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының " Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби дамуы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

1 - тарау. Кіріспе

1. "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби дамуы" тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі-ТжКБ) ұйымдарының басшыларына арналған.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында ТжКБ ұйымдары басшыларының кәсіби деңгейін арттыру мәселесі ерекше өзекті мәселеге ие. Аталған білім беру бағдарламасы ТжКБ ұйымдары басшыларының ТжКБ жүйесінде инновациялық процестерді басқару дағдыларын дамытуға, заманауи білім беру технологияларын енгізу бойынша басқару практикаларын жетілдіруге бағытталған.

2 - тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ТжКБ қызметін басқаруда ТжКБ ұйымдарының басшыларын басқарушылық-ұйымдастырушылық шеберлігі мен құзыреттілігін жетілдіру болып табылады.

4. Бағдарлама мақсатына жету үшін мынадай міндеттер айқындалған:

1) техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту жағдайында кәсіби білімін арттыру және жұмыс дағдыларын жетілдіру;

2) менеджменттік жүйе бойынша педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу;

3) ТжКБ ұйымдары басшыларының, нормативтік-құқықтық басқарушылық, ақпараттық-коммуникациялық, технологиялық құзыреттерін дамыту;

4) ТжКБ ұйымдарында мониторингтік қызметтің әдіс-тәсілдерімен танысу.

3- тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) заманауи техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің индустриалдық-экономикалық даму стратегияларын;

инженерлік-педагогикалық кадрларды диагностикалаудың маңыздылығын; дәстүрлі және критериалды бағалаудағы оқу жетістіктерінің айырмашылықтарын;

менеджмент жүйесіндегі корпоративтік басқару принциптерін және нормативтік құжаттаманы жүргізу принциптері мен тәртібін біледі.

2) әлеуметтік әріптестіктер арасында желілік қауымдастық құруды; мониторингтің әртүрлерін қолдануды; қызметте басқару мен ынталандырудың инновациялық әдістерін қолдануды; техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында білім беру процесін жобалауды біледі.

3) заманауи менеджмент технологиясын қолдану дағдыларын; жобалық қызметті ұйымдастыру дағдыларын; заманауи зерттеулер мен өз қызметін талдау негізінде басқару практикасын жетілдіру дағдыларын;

ТжКБ ұйымдарында білім беру процесінің сапасын дамыту, диагностикалау, бағалау процестеріне және мониторинг жүргізу дағдыларын меңгереді.

4 - тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік - құқықтық модуль;

2) басқарушылық;

Ескерту: Басшы кадрлар үшін басқарушылық модулі енгізіледі.

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

7. Нормативтік - құқықтық модуль мынадай тақырыптарды қамтиды:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар";

"Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы көзделген қызметкер мен жұмыс берушінің арасында құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде туындайтын қарым-қатынасы";

"2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

"Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ТжКБ ұйымдарын басқару";

"Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары";

"Ұлт жоспары – 100 нақты қадам";

"Тәуелсіздік толғауы" ой орамдары".

8. Басқарушылық модульде мынадай тақырыптар қарастырылады:

"Басшы және оның командасы";

"Басқарудағы командалық жұмыстың психологиялық аспектілері";

"Ұжымның әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары";

"Командалық жұмыс", "Сындарлы басқару", "Педагогикалық ұжымды басқару" түсініктемелері";

"Корпоративтік басқару моделі, оқытушылар құрамын ынталандыру";

"Ынталандыру" ұғымы, педагогикалық ұжымды ынталандырудың мақсаты мен міндеті,";

"Ынталандыру және кері ынталандыру, білім беру ұйымы қызметкерлерін ынталандыру жүйесі".

9. Мазмұндық модульде мынадай тақырыптар қамтылады:

"Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту жағдайында ТжКБ ұйымдары басшыларының кәсіби құзыретін дамыту";

"ТжКБ ұйымдары басшыларының кәсіби деңгейін диагностикалау (кіріс, шығу диагностикасы)";

"ТжКБ ұйым басшыларының көшбасшылығын дамыту";

"Педагогикалық қызметті ынталандыруда басшының құзыреттілігі";

"Құзыреттілікке негізделген әлеуметтік әріптестікті дамыту";
"Жұмыс берушінің талаптарына сәйкес мамандарды даярлауда басшылардың әлеуметтік-экономикалық құзыреттілігін дамыту";
"ТЖКБ ұйымы басшыларының электронды портфолиосы";
"Дуальды оқыту жүйесін енгізудің келешегі мен мүмкіндіктері";
"Колледж басшыларының нормативтік-құқықтық құзыреттілігін арттыру";
"Заманауи ТЖКБ ұйым басшыларының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудағы құзыреттілігі";
"Индустриялық-инновациялық даму кезеңінде техникалық және кәсіби кадрларды даярлаудағы стратегиялық жоба";

10. Технологиялық модульде мынадай мәселелер бойынша практикалық тапсырмалар орындалады:

"Желілік педагогикалық қоғамдастықты құру технологиясы";
"Оқу жетістіктерін бағалаудағы Блум таксономиясының табыстылығы";
"Коучинг ТЖКБ ұйымын басқарудың бір әдісі ретінде";
"Оқу-тәрбие процесін технологияландыру".

11. Вариативтік модульде тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келесідей тақырыптарды тандау мүмкіндігі беріледі:

"ТЖКБ ұйымы басшысының бейнесі (имидж) және басқару стилі";
"ТЖКБ ұйымдарын басқарудың корпоративтік мәдениеті";
"Білім беру ұйымдарын Мемлекеттік аттестаттауға дайындау";
"Педагогикалық кеңестердің жаңа формалары";
"Басқарудың сындарлы тәсілдері";
"ТЖКБ ұйымы басшысының ұйымдастырушылық құзыреттілігі";
"Дуальды оқыту жүйесін енгізу бойынша әлемдік және қазақстандық тәжірибе";

"Кейс технологиялар";

"Колледж түлектерінің кәсіптік біліктілігінің негізі - құзыреттілікті қалыптастыру";

"ТЖКБ ұйымдарындағы психологиялық қызметтер";

"Инновациялық технологиялар арқылы болашақ өндіріс мамандарының техникалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту";

"Заманауи оқыту технологиялары негізінде көп тілді енгізу";

"Басқару және оқыту көшбасшылығы";

"Гендерлік негізде оқу процесін ұйымдастыру";

Ескерту:

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль көлемі 2 - 6 сағатқа дейін өзгеруі мүмкін.

5 - тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

12. Білім беру процесі Бағдарламаның 1 және 2 қосымшасына сәйкес 36 және 80 сағаттық оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес бойынша ұйымдастырылады.

13. Білім беру процесін ұйымдастыруда тыңдаушылардың білімдерін бағалау мен бақылау мақсатында өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, шағын-сабақ (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу өткізіледі.

14. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары:

- 1) кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы мемлекеттік саясат;
- 2) ТжКБ аясында дуальды оқыту жүйесінің тиімділігі;
- 3) колледж басшыларының заманауи кәсіби құзыреттілігі;
- 4) білікті маман даярлаудағы кәсіби құзыреттілік;
- 5) кредиттік технология мен дуалды оқыту жүйесін кіріктіре оқыту мүмкіншіліктері;
- 6) дуальды оқытудағы шетел тәжірибелері;
- 7) заманауи басқару негізінде ТжКБ ұйымына басшылық жасауды ұйымдастыру;
- 8) кәсіптік білім беруді дамыту құралы ретінде еңбек нарығының мониторингі.

15. Тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары:

- 1) ТжКББ басшыларының инновациялық қызметі;
- 2) ТжКББ тәрбие жұмыстарын басқару ерекшеліктері;
- 3) кәсіби мамандарды даярлаудағы заманауи - педагогикалық идеялар;
- 4) индустриялық даму жағдайында колледжді басқару моделі;
- 5) дуальды оқыту жағдайында тәрбие жүйесіндегі жаңа көзқарастар;
- 6) ғылым мен тәжірибе ұштастыру бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы кепілі ретінде;
- 7) кредиттік технологиялар мен дуалды оқыту жүйесін кіріктіру мүмкіншіліктері.

16. Жоба құрылымы мен бағалау талаптары. Жоба келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

- 1) титул беті (мекеменің аты көрсетіледі, әзірлеушінің аты - жөні, қала, жылы);
- 2) мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымшалар);
- 3) кіріспе (таңдалған тақырып өзектілігінің негіздемесі, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, пайдаланылған әдебиеттер, негізгі проблеманың қысқаша сипаттамасы);

4) негізгі бөлім (кіріспедегі проблема дәйекті түрде ашылады, оның шешу жолдары қарастырылады, дәлелді ұстанымдары қамтылады, оған деген түрлі көзқарастар баяндалады және автордың қарым - қатынасы көрсетіледі);

5) қорытынды (жоғарыда айтылған мақсат пен жобаның міндетіне сай зерттеудің басты қорытындылары жүргізіледі, жалпылама тұжырымдар жасалып немесе зерттеудің нәтижесін нақты қолдану бойынша практикалық ұсыныстар беріледі);

6) пайдаланылған әдебиеттердің тізімі;

7) қосымшалар (қажетті жағдайда);

8) нормативтік-техникалық құжаттарды дайындау, технологиялар мен заманауи құрылымдарды қолдану мен киімді көркемдік безендіру бойынша тәжірибелік жоба.

17. Жоба жұмыстарын қорғау мен талдамаларды бағалау төмендегідей критерийлер бойынша есептелінеді:

1) теориялық және тәжірибелік білім көлемі;

2) тақырып өзектілігі мен жаңашылдығы;

3) шығармашылығы (креативность);

4) нақты мәселелерді шешу үшін білімін қолдана алуы;

5) өз мәтіні мен таныстырылымын терең, маңызды тақырыпқа құра алуы;

6) шешендік сөйлеу қабілетінің болуы.

18. Қорытынды тестілеу үшін білімді тексеретін тест тапсырмалары анықталған:

білім беру жүйесіндегі нормативтік – құқықтық құжаттары;

техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында заманауи басқару тәсілдері;

заманауи менеджменттің психологиялық-педагогикалық аспектілері;

инновациялық технологиялар және оқыту әдістері.

6 - тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

19. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталас, "миға шабуыл", іскерлік ойындар, тренингтер, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау және т.б.

20. Ересектер аудиториясының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту барысында тыңдаушыларға қисынды қорытындылар жасауға, мазмұнды өз практикасына бейімдеуге және алған біліктерін аудиториялық практикалық сабақтар және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында сыннан өткізуге мүмкіндік беріледі.

21. Білім беру процесі аудиториялық сабақтар және өзіндік жұмыстарды жүргізуден тұрады. Бағдарлама біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағдарлап, заманауи білім беру технологияларын және білім берудің интерактивті формаларын пайдалану арқылы қол жеткізілетін қызметке негізделген тәсілді қолданады: шағын топтық жұмыс, білім беру ойындары, кері байланыс, күрделі және талқыланатын мәселелер мен проблемаларды талқылау, мастер-класс, "дөңгелек үстел".

7 - тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

22. Өзіндік жұмысты жүргізу үшін келесі критерийлер айқындалады:

- 1) іске асырылмаған - 0 балл;
- 2) ішінара іске асырылған - 1 балл;
- 3) толық іске асырылған - 2 балл.

23. Білімді меңгеру деңгейін анықтауға келесідей өлшемдер қолданылады:

- 1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруі;
- 2) практикалық тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімді пайдалануы;
- 3) материалдың практикалық мәнділігі;
- 4) мәселені баяндауының негізделуі, толықтығы, анықтығы;
- 5) талаптарға сәйкес рәсімделуі.

24. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 14- 15 балл, (90 - 100%);
- 2) "Жақсы": 11 - 14 балл, (75 - 89%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 8 - 11 балл, (50 - 74%).
- 4) "Қанағаттанарлықсыз": 8 баллдан төмен

25. Жоба жұмыстарын өткізуде төмендегідей критерийлер 1, 2 балл және өлшемдер айқындалған:

- 1) мәселені түсінеді және мәселені таңдауын түсіндіреді;
- 2) жағдаятты талдау негізінде қайшылықтарды атайды;
- 3) мәселенің туындау себептерін атайды;
- 4) мәселені тұжырымдайды, оның себептерін талдайды;
- 5) мақсатты тұжырымдайды және түсінеді;
- 6) міндеттер мақсатқа сәйкес;
- 7) мақсатқа жетуге көз жеткізу тәсілдерін ұсынады;
- 8) мәселелерді шешу тәсілдерін ұсынады;
- 9) стратегияны ұсынады;

- 10) жобамен жұмыс істеу туралы айтып берді;
- 11) әрекет қадамдарының тәртібін анықтады;
- 12) қадамдарды ұсынды және кейбір ресурстарды көрсетті;
- 13) ресурстарды негіздеп береді;
- 14) ағымдағы бақылауды жоспарлайды;
- 15) күтілетін нәтижемен өнімді салыстырады;
- 16) өнімнің ойдағымен сәйкестігі туралы қорытынды жасайды;
- 17) өнімді бағалаудың критерийлерін ұсынады;
- 18) өнімнің критерийге сәйкестігін бағалайды;
- 19) критерийлер жүйесін ұсынады;
- 20) алынған нәтижелердің мәнін сипаттайды;
- 21) күтілетін өнімді сипаттайды;
- 22) өнімді қалай қолданатынын айтып береді;
- 23) өнімді тұтынушылар мен пайдалану аясын негіздеп береді;
- 24) өнімді пайдалану бойынша пікір білдіреді;
- 25) алға жылжуды жоспарлады немесе қолдану шекарасын көрсетеді.

26. Тыңдаушылардың жоба жұмыстарын орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бес балдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 47 - 50 балл, (85- 100%);
- 2) "Жақсы": 36 - 47 балл, (75 - 84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 25 - 36 балл, (50 - 74%).

27. Курс тыңдаушылары шағын-сабақты (шағын - шараны) презентациялау кезінде сабақтың, шараның түрлі кезеңдерін жоспарлау және білім мазмұнын жаңартуды есепке алып оқыту бойынша үзінді көрсетеді.

28. Курс тыңдаушылары шағын-сабақтарды, шағын-іс-шараны презентациялау үшін келесідей критерийлер анықталған:

дағдылардың қалыптасу деңгейі:

- 1) 0 балл - осы сабақта қолдануға келмейді;
- 2) 1 балл - дағдыланған;
- 3) 2 балл - дағды дамуда;
- 4) 3 балл - дағды қалыптасқан.

29. Шағын сабақты, шағын іс - шараны презентациялау кезінде білімді меңгеру деңгейін бағалауға төмендегі өлшемдер алынған:

- 1) ақпаратты түсінікті жеткізуі;
- 2) нұсқауды анық және дәл беруі;
- 3) қатысушылардың түсінгендерін анықтай алуы;
- 4) белсенді тыңдайды (қайта құрастырады, түйіндейді, нақтылайды);
- 5) ұйымдастырылған шараның уақытын тиімді басқара алуы;

- 6) кері байланыстың нәтижелігі;
- 7) өзара сыйластық, ынтымақтастық және қолдау климатын жасауы;
- 8) шараның мақсатын қоюы және күтілетін нәтижені белгілеуі;
- 9) шараны ұйымдастыруда белсенді стратегиялары мен жаттығуларын ретімен және нәтижелі қолдануы;
- 10) қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі, мәселелер мен келіспеушіліктердің шешімін табуы;
- 11) ашық сұрақтарды қолдануы;
- 12) талқылауды/тапсырмаларды орындауды нәтижелі аяқтауы және оқытудың кезеңдері арасында байланыс орнатуы;
- 13) ойлануға және өзін - өзі бағалауға жеткілікті уақыт береді.
30. Шағын сабақ (сабақ, іс-шара) презентациясы бойынша тыңдаушылардың білімдерін бағалау бес баллдық жүйеге ауыстырумен жүзеге асырылады:
- 1) "Өте жақсы": 35 - 39 балл (85 - 100%);
- 2) "Жақсы": 29 - 34 балл (75 - 84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 20 - 28 балл (50 - 74%).

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби дамуы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасына
1 - қосымша

36- сағаттық курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Дәріс	Дәріс-диалог	Таңдау дәрісі	Пікірталас	Іскерлік ойын	Тренинг
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Нормативтік - құқықтық модуль	2	1				
1.1	"Білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне соңғы өзгерістер мен толықтырулар"	1					
1.2	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттерін орындаудан туындайтын қарым-қатынасы. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы		1				
	Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020, жылдарға						

1.3	арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ТжКБ ұйымдарын басқару						
1.4	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары; Н.Ә.Назарбаевтың "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам" мақаласы және "Тәуелсіздік толғауы" ой орамдары.	1					
2	Басқарушылық модуль		2				2
2.1	Басқарудағы командалық жұмыстың психологиялық аспектілері. Ұжымның әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары. Командалық жұмыс", "Сындарлы басқару" , "Педагогикалық ұжымды басқару" түсініктемелері. Корпоративтік басқару моделі		1				1
2.2	Педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру. "Ынталандыру" түсінігі. Педагогикалық ұжымды ынталандырудың мақсаты, міндеті. Ынталандыру және кері ынталандыру. Білім беру ұйымы қызметкерлерін ынталандыру жүйесі		1				1
3	Мазмұндық модуль	7			1	2	
3.1	Техникалық және кәсіби білім беруді жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту						
3.2	ТжКБ беру ұйымы басшысының кәсіби деңгейін диагностикалау (кіріс және шығыс сауалнамасы)	1					
3.3	Колледж басшысының нормативтік-құқықтық кәсіби құзыреттілігін арттыру						
3.4	Көшбасшылық қасиетті дамыту						
3.5	Педагогикалық қызметті ынталандырудағы басшы құзыреттілігі	1				1	
3.6	Құзыреттілік амал негізінде әлеуметтік серіктестікті дамыту	1			1		
3.7	Жұмыс беруші талаптарына сәйкес мамандар даярлаудағы басшының әлеуметтік-экономикалық құзыреттілігін дамыту	1				1	
3.8	Индустриалды-инновациялық даму жағдайында техникалық және кәсіптік мамандарды дайындауда стратегиялық жобалау	1					
3.9	Колледж директорының электрондық портфолио жүргізу тәсілі						
3.10		1					

	ТжКБ беру ұйымдары басшыларының АКТ құзыреттілігі					
3.11	Дуальды оқыту жүйесін ендірудегі даму және мүмкіншілігі	1				
4	Технологиялық модуль	2				
4.1	Педагогтардың желілік қауымдастығын құру технологиясы	1				
4.2	Блум таксономиясы оқыту нәтижелігін бағалау әдістемесі ретінде					
4.3	Коучинг – ТжКБ беру ұйымын басқару әдістерінің бірі ретінде	1				
4.4	Оқу - тәрбие процесін технологияландыру					
5	Вариативтік бөлім					
5.1	Колледж басшысының бейнесі (имидж) және басқару стилі					
5.2	Колледжді басқарудағы корпоративтік мәдениет					
5.3	Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауға дайындау					
5.4	Педагогтік кеңесті өткізудің жаңа формалары					
5.5	Сындарлы басқару тәсілдері					
5.6	Колледждің заманауи басшысының ұйымдастырушылық құзыреттілігі					
	Барлығы:	11	3		1	2

кестенің жалғысы

Тәжірибелік сабақ	Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	Диагностика	Жоба қорғау	Барлығы
9	10	11	12	13	14	15
1						4
						1
						1
1						1
						1
						4
						2
						2
4	6			1	1	22
				1	1	2
1						2
	2					2
	1					1
						2
						2

						2
1						2
	3					3
1						2
1						2
2						4
						1
1						1
						1
1						1
						2
					2	2
7	6			1	3	36

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби дамуы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасына
2 - қосымша

80 - сағаттық курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Дәріс	Дәріс-диалог	Таңдау дәрісі	Пікірталас	Іскерлік ойын	Тренинг
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Нормативтік - құқықтық модуль	4	2				
1.1	"Білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне соңғы өзгерістер мен толықтырулар"	2					
1.2	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттерін орындаудан туындайтын қарым-қатынасы. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы		2				
	Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020, жылдарға						

1.3	арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ТжКБ ұйымдарын басқару					
1.4	Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары. "Ұлт жоспары – 100 нақты кадам" "Тәуелсіздік толғауы" ой орамдары".	2				
2	Басқарушылық модуль		4			4
2.1	Басқарудағы командалық жұмыстың психологиялық аспектілері. Ұжымның әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары. Командалық жұмыс", "Сындарлы басқару" , "Педагогикалық ұжымды басқару" түсініктемелері. Корпоративтік басқару моделі		2			2
2.2	Педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру. "Ынталандыру" түсінігі. Педагогикалық ұжымды ынталандырудың мақсаты, міндеті. Ынталандыру және кері ынталандыру. Білім беру ұйымы қызметкерлерін ынталандыру жүйесі		2			2
3	Мазмұндық модуль	14		2	4	
3.1	Техникалық және кәсіби білім беруді жаңғырту жағдайында колледж басшыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту					
3.2	ТжКБ беру ұйымы басшысының кәсіби деңгейін диагностикалау (кіріс және шығыс сауалнамасы)	2				
3.3	Колледж басшысының нормативтік-құқықтық кәсіби құзыреттілігін арттыру					
3.4	Көшбасшылық қасиетті дамыту					
3.5	Педагогикалық қызметті ынталандырудағы басшы құзыреттілігі	2			2	
3.6	Құзыреттілік амал негізінде әлеуметтік серіктестікті дамыту	2		2		
3.7	Жұмыс беруші талаптарына сәйкес мамандар даярлаудағы басшының әлеуметтік-экономикалық құзыреттілігін дамыту	2			2	
3.8	Индустриалды-инновациялық даму жағдайында техникалық және кәсіптік мамандарды дайындауда стратегиялық жобалау	2				
3.9	Колледж директорының электрондық портфолио жүргізу тәсілі					
3.10	ТжКБ беру ұйымдары басшыларының АКТ құзыреттілігі	2				

3.11	Дуальды оқыту жүйесін ендірудегі даму және мүмкіншілігі	2					
4	Технологиялық модуль	4					
4.1	Педагогтардың желілік қауымдастығын құру технологиясы	2					
4.2	Блум таксономиясы оқыту нәтижелігін бағалау әдістемесі ретінде						
4.3	Коучинг – ТЖКБ беру ұйымын басқару әдістерінің бірі ретінде	2					
4.4	Оқу - тәрбие процесін технологияландыру						
5	Вариативтік бөлім	2		4	2		2
5.1	Колледж басшысының бейнесі (имидж) және басқару стилі						2
5.2	Колледжді басқарудағы корпоративтік мәдениет			2			
5.3	Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауға дайындау			2			
5.4	Педагогтік кеңесті өткізудің жаңа формалары	2					
5.5	Сындарлы басқару тәсілдері				2		
5.6	Колледждің заманауи басшысының ұйымдастырушылық құзыреттілігі						
	Барлығы:	26	6	4	4	4	14

кестенің жалғысы

Тәжірибелік сабақ	Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	Диагностика	Жоба қорғау	Барлығы
9	10	11	12	13	14	15
2						8
						2
						2
2						2
						2
						8
						4
						4
8	12			2	2	44
				2	2	4
2						4
	4					4
	2					2
						4
						4
						4
2						4

	6					6
2						4
2						4
4						8
						2
2						2
						2
2						2
		2				12
						2
						2
						2
						2
		2				2
18		2		2	2	80

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 25 шілдедегі
№ 330 бұйрығына
2 – қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы "10" наурыз
№ 193 бұйрығына
2 - қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Заманауи педагогикалық менеджмент негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту сапасын арттыру" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

1-тарау. Кіріспе

1. "Заманауи педагогикалық менеджмент негізінде техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында оқыту сапасын арттыру" тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТжКБ) басшыларына арналған.

2. Осы білім беру бағдарламасы ТжКБ ұйымдары басшыларында ТжКБ жүйесінде инновациялық процестерді басқару дағдыларын дамытуға, заманауи

білім беру технологияларын енгізу бойынша басқару практикасын жетілдіруге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты ТжКБ оқу орындарының қызметін жетілдіру үшін заманауи педагогикалық менеджментті дамытудың инновациялық тәсілдерін меңгеру болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттер анықталды :

1) Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын зерделеу;

2) ТжКБ ұйымдарында заманауи педагогикалық менеджменттің мәселелерін анықтау;

3) ТжКБ ұйымдарында заманауи педагогикалық менеджменттің мәнін зерттеу ;

4) басқару қызметінің теориясы мен психологиясы бойынша білім мен білікті жүйелеу, тереңдету және кеңейту;

5) заманауи педагогикалық менеджменттің даму тәсілдерін талдау.

3-тарау. Күтілетін нәтиже

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясындағы ТжКБ ұйымдарының міндеттерін;

ТжКБ ұйымдарында заманауи педагогикалық менеджменттің негізгі аспектілерін;

оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) пайдалану мүмкіндіктерін біледі.

2) ТжКБ ұйымдарының қызметін жоспарлау кезінде өзінің басқару қызметін, қауіптері мен тәуекелдерді жоспарлауды және болжауды;

ТжКБ жүйесін инновациялық даму талаптары аясында колледжді дамыту бағдарламаларын әзірлеуді қолданады;

3) колледжді басқарудың инновациялық формалары мен әдістерін меңгереді.

4-тарау. Бағдарламаның Мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық модуль;

2) басқару модулі;

Ескерту. Басқару модулі басшы кадрлар үшін енгізіледі.

3) мазмұнды;

4) технологиялық;

5) вариативті.

7. Нормативтік-құқықтық модульде келесі тақырыптар қарастырылады:

"Білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне соңғы өзгерістер мен толықтырулар";

"Экономиканың индустриялық-инновациялық дамуы жағдайында ТжКБ ұйымдарының жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары";

"Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы";

"Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы";

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Бес институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша "Ұлт жоспары - 100 нақты қадам";

"Техникалық және кәсіптік білім берудің дуальді жүйесінің жағдайы"; "ТжКБ ұйымдардың қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер".

8. Басқару модулінде келесі тақырыптар қарастырылады:

"Адами капиталға инвестициялар-стратегиялық басымдық және мемлекет экономикасын дамытудың негізгі факторы";

"ТжКБ жүйесіндегі педагогикалық менеджмент және басқару мәселелері бойынша республикалық ғылыми-әдістемелік басылымдарға шолу";

"Қамқоршылық кеңестердің қызметін ұйымдастырудың тиімді халықаралық және отандық тәжірибесі";

"Білім беру ұйымдарының корпоративтік мәдениеті";

"Білім беру ұйымы басшысының портфолиосы педагогикалық менеджмент құралы ретінде";

"Заманауи педагогикалық менеджмент негізінде ТжКБ оқу орындарының қызметін жетілдіру";

"Қазақстан Республикасын индустриялық - инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясындағы ТжКБ міндеттері"

;

"Функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша халықаралық тәжірибені қолдану";

"ТжКБ оқушыларын діни толеранттылық және этникалық тәрбиесі";

"Қазақстан Республикасының саяси және әлеуметтік жүйесі";

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инновациялық процестерді басқару".

9. Мазмұндық модульде келесі тақырыптар қарастырылады:

"Педагогикалық процесте "Өзін-өзі тану" пәнінің жүйе құрушы әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері";

"ТжКБ мамандарын даярлау сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік әріптестер кәсіпорындарының базасын тиімді пайдалану";

"Дуалды оқыту - серіктестік пен бизнесті жүзеге асыру жағдайында" тақырыбында дөңгелек үстел;

"Колледжді басқарудағы Қамқоршылық кеңестердің рөлі" тақырыбында конференция".

10. Технологиялық модульде келесі мәселелер бойынша практикалық тапсырмалар орындалады:

"ТжКБ жаңғырту жағдайындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар";

"ТжКБ білім беру процесіндегі Smart - оқыту (Self Monitoring Analysis and reporting technology – Селф Мониторинг Анализис энд Рипотинг Текнолоджи) элементтері";

"Бейсызық құрылымы бар интерактивті мультимедиялық презентациялар жасауға арналған заманауи веб-сервис (Prezi.com)";

"ТжКБ ұйымдарында заманауи тұсаукесерлерді құру және пайдалану";

12. Білім беру үрдісі 36 және 80 сағатқа арналған курстың оқу-тақырыптық жоспарына сай Бағдарламаның 1 қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

13. Білім беру үрдісін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бағалау мен бақылау мақсатында өздік жұмысы, жобалау жұмысы, шағын сабақ презентациясы (шағын іс-шаралар) және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

14. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары үшін тапсырмалар:

1) колледждегі кәсіби бағдар беру жұмыстарының ғылыми-әдістемелік негіздері;

2) сабақты әдістемелік қамтамасыз ету;

3) заманауи инновациялық технологиялар студенттердің сауаттылығын қалыптастыру негізі ретінде;

4) студенттердің жобалау қызметін қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесі;

5) білім алушылардың ауызша жауаптары бойынша картаның дескрипторларын әзірлеу;

6) білім алушылардың практикалық жұмысын қорғау бойынша картаның дескрипторларын әзірлеу.

15. Жоба жұмыстарының тақырыптары:

1) білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру;

2) білім берудің жаңа парадигмаларына сай оқыту әдістері;

3) сын тұрғысынан ойлауға үйрету;

4) студенттердің коммуникативті құзыреттілігін дамыту;

5) студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту;

6) студенттердің рефлексивтік құзыреттілігін дамыту;

7) оқытудың белсенді әдістері мен формалары;

8) студенттердің жобалау қызметін ұйымдастыру;

9) студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи амалдары;

10) әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік серіктестермен жұмыс жасау формалары;

11) Блум таксономиясы білім алушылардың жетістіктерін өлшеу құралы ретінде;

12) гуманитарлық пән сабақтарында білім алушылардың топтық жұмысын ұйымдастыру;

13) білім алушылар білімін бақылау және өздік бақылауды ұйымдастыру үшін бақылау-өлшеу материалдарын (тест тапсырмаларын) пайдалану;

- 14) оқу жұмысын диагностикалау және мониторингілеу;
- 15) дидактикалық ойындар мен олардың гуманитарлық пәндерді оқытудағы рөлі;
- 16) оқу имитациялық модельдеу, практикалық бағытталған технология мен оның болашақ маманның тұлғасын қалыптастырудағы рөлі;
- 17) портфолио - оқытушының кәсіби жетістіктерін ұсынудың перспективті формасы;
- 18) арнайы және жалпы кәсіптік пәндердің сабақтарында ТжКБ берудің заманауи формалары, әдіс-тәсілдері, құралдары.
- 19) шығармашылық сипаттағы міндеттерді пайдалану.
- 20) білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру үрдісінде бірінші курста білім алушылардың бейімделуінің психологиялық кедергілерін еңсеру.

6 - тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

16. Білім беру үрдісі интерактивті оқыту әдістері кіргізеді: дискуссия, "миға шабуыл", рольдік ойындар, тренингтер, жобалау әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу.

17. Тыңдаушылардың ересек аудиториясының ерекшеліктерін есепке алумен оқу барысында логикалық қорытындылар жасау, өз практикаларында мазмұнын бейімдеу және аудиториялық практикалық жағдайда және аудиториядан тыс өз бетінше жұмыстар жағдайында алынған біліктерді бейімдеу мүмкіндігі ұсынылады.

18. Білім беру үрдісі тыңдаушылардың өз бетінше жұмыстары мен күндізгі сабақты өткізудің үйлесімділігін ескереді. Бағдарламаның бағдары біліктілікті арттырудың құзыретті моделіне бағдарлы-әрекетті әдісті болжайды, бұл заманауи білім беру технологиялары және оқытудың интерактивті түрлері арқылы жетеді: кіші топтардағы жұмыс, үйретуші ойындар, кері байланыс, күрделі және даулы сұрақтар мен мәселелерді талқылау, шеберлік сыныбы, " дөңгелек үстел", конференция.

7 - тарау. Оқу нәтижесін бағалау критерийлері

19. Өзіндік жұмыс жүргізу үшін келесі критерийлер бөлінеді: іске асырылмаған - 0 балл, ішінара іске асырылған-1 балл, толық іске асырылды - 2 балл.

20. Білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер пайдаланылады:

- 1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру;
- 2) практикалық сабақты орындауда теориялық білімді пайдалану;

- 3) материалдың практикалық маңыздылығы;
- 4) сұрақты қоюдың негіздемесі, толықтығы мен анықтығы;
- 5) талаптарға сәйкес ресімдеу.

21. Өздік жұмысты орындау бойынша тыңдаушылардың білімін бағалау бес баллдық жүйеге айналдырумен жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 9-10 балл (85-100 %);
- 2) "Жақсы": 7-8 балл (75-84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 5-6 балл (50-74%).

22. Жобалық жұмысты жүргізу үшін критерийлер – 0; 0,5; 1 балл және келесі параметрлер бөлінеді:

- 1) жобалау жұмысы тақырыбының өзектілігін негіздеді;
- 2) жобалау жұмысының тақырыбы мен мәселесіне қатысты әдіс-тәсілдердің жаңашылдығын белгіледі;
- 3) жоба тақырыбының жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестілігін анықтады;
- 4) мәселенің туындау себептерін атады;
- 5) мәселені қойып, оның себептерін талдады;
- 6) жобалау жұмысының теориялық-әдіснамалық базасының толықтығын негіздеді;
- 7) мақсатқа жеткендікке көз жеткізу тәсілін ұсынды;
- 8) автордың зерттеу амалы;
- 9) стратегия ұсынады;
- 10) жоба бойынша жұмыс жасауды айтады;
- 11) әрекеттердің бірізділігін анықтайды;
- 12) қадамдар ұсынып, кейбір ресурстар ұсынады;
- 13) ресурстарды негіздейді;
- 14) ағымдағы бақылауды жоспарлайды;
- 15) өнімді күтілетін нәтижемен салыстырады;
- 16) өнімнің ойға сәйкестілігі туралы қорытынды жасайды;
- 17) өнімді бағалау үшін көрсеткіштер ұсынады;
- 18) көрсеткіштерге сәйкес өнімді бағалайды;
- 19) көрсеткіштер жүйесін ұсынады;
- 20) жобалау жұмысының практикалық бағыттылығы;
- 21) күтілетін нәтижені суреттейді;
- 22) өнімді қалай пайдаланатыны туралы айтады;
- 23) тұтынушылар мен өнімді пайдалану саласын негіздейді;
- 24) өнімді пайдалану бойынша ұсынымдар береді;
- 25) дамуды жоспарлайды немесе қолдану аясын көрсетеді;
- 26) жобалау жұмысын ресімдеудің икемділігі;

27) жобалау жұмысы мазмұнының құрылымдылығы.

23. Жобалау жұмысын орындау бойынша тыңдаушылар білімін бағалау бес баллдық жүйеге айналдырумен жүзеге асырылады:

- 1) "өте жақсы"-23-27 балл, 85-100%;
- 2) "жақсы"-20-22 балл, 75-84%;
- 3) "қанағаттанарлық"-13-19 балл, 50-74 %

24. Курс тыңдаушылары шағын сабақты көрсету кезінде жоспарлау мен оқыту бойынша әрекеттер ретінде түрлі кезеңдерде сабақтардың фрагментін көрсетеді.

25. Шағын сабақ презентациясы үшін келесі критерийлер бөлінеді:

- 1) дағдылардың қалыптасқандық деңгейі: 0 балл - дағдылардың болмауы;
- 2) 1 балл –әлсіз меңгеру;
- 3) 2 балл – орташа меңгеру;
- 4) 3 балл – жақсы меңгеру;
- 5) 4 балл – өте жақсы меңгеру.

26. Шағын сабақ презентациясы үрдісінде білімді меңгеру деңгейі келесі критерийлермен анықталады:

- 1) ақпаратты нақты және анық ұсынады;
- 2) нақты және толық нұсқаулық береді;
- 3) қатысушылардың түсінулерін тексереді;
- 4) белсенді тыңдайды (қайта құрастырады, түйіндейді, нақтылайды);
- 5) сабақта уақытты тиімді басқарады;
- 6) рефлексия жүргізеді, тиімді кері байланысты жүзеге асырады;
- 7) оқушылардың уәждігін жасау амалдарын меңгерген;
- 8) тақырыпты, мақсат қою мен міндеттерді анықтау амалдарын пайдаланады;
- 9) оқытудың белсенді әдістерінің стратегияларын орынды және тиімді пайдаланады;
- 10) қатысушылардың сұрақтарына жауап береді, проблемаларды және түсінбеушілікті шешеді;
- 11) проблемалық жағдаят туғызады;
- 12) талқылауды тиімді аяқтайды;
- 13) білім алушылардың қызметін бағалауды ұйымдастырудың амалдарын меңгеру;
- 14) пәндік білімдер мен дағдылар;
- 15) ашық сұрақтар қолданады;
- 16) ой-толғаныс пен өзін-өзі бағалау үшін жеткілікті уақыт көлемін береді.

27. Шағын сабақ (сабақ, іс-шара) презентациясы бойынша тыңдаушылардың білімдерін бағалау бес баллдық жүйеге ауыстырумен жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 56-64 балл (90-100%);

3	Мазмұндық модуль	2		10	1	1	
3.1	Білім беруді жаңғырту және оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру контекстінде сын тұрғысынан ойлау технологиялары	1					
3.2	Гуманитарлық пән сабақтарында оқушылардың білімін бағалау үшін тест бағдарламасын қолдану			1			
3.3	Гуманитарлық пән сабақтарына қойылатын заманауи талаптар						
3.4	Құзыреттілікті әдіс-тәсілдер негізінде заманауи сабақты жетілдіру бойынша жаңа әдістер мен формалар	1		1			
3.5	ТжКБ беру жүйесін жаңғырту жағдайында практикалық бағытталған оқыту			1			
3.6	"Оқушылардың интеллектуалды және креативті қабілеттерін дамыту бойынша педагогтың жұмыс түрлері" дөңгелек столы						
3.7	Оқушылардың таным қызметін белсендіру әдістері			1	1		
3.8	Жобалап оқыту. Жобалау әдісін қолдануға қойылатын талаптар			1			
3.9	"Нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа моделіне көшу жағдайында пәндерді оқыту әдістемесі" конференциясы						
3.10	Case-study (кейс-стади)әдісін қолдану ерекшеліктері. Case-study (кейс-стади) әдісін практикалауда оқытушының рөлі			1			
3.11	Білім беру үрдісінде мониторингті өткізу					1	
3.12	Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау			1			
3.13	Оқытушының ғылыми-әдістемелік жұмысы жобалау технологияларын қолдану кезінде педагогтың жеке кәсіби өсуінің шарты ретінде			1			
3.14	Сандық оқыту ресурстарын әзірлеу			1			
3.15	Критериалды бағалауды қолдана отырып сабақты құрылымдау. Шағын сабақтардың презентациясы			1			
4	Технологиялық модуль			3			
4.1	Портфолио ТжКБ беру оқытушысының өзіндік бағалауын жүргізу құралы ретінде			3			

2.3	Педагогикалық үрдісте "Өзін-өзі тану" пәнінің жүйе түзуші әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері	2		2			
3	Мазмұндық модуль	10		22	2	2	
3.1	Білім беруді жаңғырту және оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру контекстінде сын тұрғысынан ойлау технологиялары	2		2			
3.2	Гуманитарлық пән сабақтарында оқушылардың білімін бағалау үшін тест бағдарламасын қолдану			4			
3.3	Гуманитарлық пән сабақтарына қойылатын заманауи талаптар						
3.4	Құзыреттілікті әдіс-тәсілдер негізінде заманауи сабақты жетілдіру бойынша жаңа әдістер мен формалар	2					
3.5	ТжКБ беру жүйесін жаңғырту жағдайында практикалық бағытталған оқыту	2		2			
3.6	"Оқушылардың интеллектуалды және креативті қабілеттерін дамыту бойынша педагогтың жұмыс түрлері" дөңгелек столы						
3.7	Оқушылардың таным қызметін белсендіру әдістері				2		
3.8	Жобалап оқыту. Жобалау әдісін қолдануға қойылатын талаптар	2		2			
3.9	"Нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа моделіне көшу жағдайында пәндерді оқыту әдістемесі" конференциясы						
3.10	Case-study (кейс-стади) әдісін қолдану ерекшеліктері. Case-study (кейс-стади) әдісін практикалауда оқытушының рөлі	2		2			
3.11	Білім беру үрдісінде мониторингті өткізу					2	
3.12	Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау			4			
3.13	Оқытушының ғылыми-әдістемелік жұмысы жобалау технологияларын қолдану кезінде педагогтың жеке кәсіби өсуінің шарты ретінде			4			
3.14	Сандық оқыту ресурстарын әзірлеу			2			
3.15	Критериалды бағалауды қолдана отырып сабақты құрылымдау. Шағын сабақтардың презентациясы						
4	Технологиялық модуль			8			

4.1	Портфолио ТжКБ беру оқытушысының өзіндік бағалауын жүргізу құралы ретінде		4			
4.2	Заманауи оқытушының АКТ құзыреттілігі. Сабақтарда заманауи интерактивті құралдарды қолдану		4			
5	Вариативті бөлім		6			
5.1	ТжКБ беру түлектерін дайындау сапасын бағалау		2			
5.2	Заманауи еңбек нарығы жағдайында кәсіптік бағыт бағдарлау		2			
5.3	ТжКБ беру ұйымдарының әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет етуі		2			
	Барлығы:	20	38	4	2	

кестенің жалғысы

Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек стол	Шағын сабақтың презентациясы	Жоба қорғау	Тестілеу	Барлығы
9	10	11	12	13	14	15
						6
						2
						2
						2
						8
						2
						2
						4
8	2	2	4			52
						4
						4
8						8
						2
						4
		2				2
						2
						4
	2					2
						4
						2
						4
						4
						2
			4			4
						8

					4
					4
					6
					2
					2
					2
8	2	2	4		80

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 25 шілдедегі
№ 330 бұйрығына
11 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыз
№ 193 бұйрығына
11 - қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "
Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы
жалпы білім беру пәндер оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі"
тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

1- тарау. Кіріспе

1. "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы жалпы білім беретін пән оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі" тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі - ТжКБ) беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндер оқытушыларына арналған.

2. Білім беру бағдарламасы ТжКБ беру ұйымдарында жалпы білім беру пәндері оқытушыларына қажетті жобалаудың заманауи тұрғыларын, жалпы білім беру циклы бойынша білім беру процесін жүзеге асыруды; функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған PISA халықаралық зерттеулер аясында (Programme for International Student Assessment - Программ фо Интершейнл Стюдент Эссесмент) оқу тапсырмаларын жобалау дағдыларын, мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыруды көздейді.

2 - тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында білім беру процесін жобалау бойынша колледждердің жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

4. Бағдарлама мақсатына жетудегі міндеттер:

1) білім беру, оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру механизмдері туралы білімді жүйелеу;

2) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудың механизмдері мен жолдары туралы тұтас түсінікті қалыптастыру;

3) жасөспірімдік ерекшеліктер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды есепке алып, жалпы білім беретін пәндер оқыту құралдары мен әдістерін таңдауға деген негізгі амалдарды анықтау;

4) техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында білім беру процесін жүзеге асыру мәселелері жөніндегі білімді жинақтау және тереңдету; жалпы білім беретін пәндерді тиімді оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті кәсіби құзыреттілікті дамыту;

5) техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында бағалау мақсатының өзгергенін ұғыну: бақылау үшін бағалаудан дамыту үшін бағалауға қарай дағдыларды қалыптастыру;

6) білім беру мен оқытуға деген заманауи амалдарды пайдалану негізінде білім беру процесін, өзара интерактивті байланысу әдістерін модельдеу;

7) басты және метапәндік құзыретті қалыптастыруға бағытталған оқу сабақтарының қысқа мерзімді жоспарларын жобалау, практикалық қызметте білімнің меңгерілуін тиімді қолдануға мүмкіндік беретін зерттеушілік қызмет дағдыларын қалыптастыру;

8) білім беру мен оқытуды жетілдіру мақсатында сабақты зерттеу;

9) оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу сабақтарын жобалау;

10) жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу сабақтарын Б.Блумның таксономиясына сәйкес жобалау;

11) оқу сабақтарының тиімділігін арттыру үшін жалпы білім беретін пәндерді оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану.

3 - тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы білім беруді қоса алғанда мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудың негізгі механизмдерін;

оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудың тетіктері мен жолдарын;

жалпы білім беретін пәндерді оқытудың тұжырымдамалық негіздерін;

жалпы білім беретін пәндер бойынша оқыту стандарттарын; оқу бағдарламасының мазмұнын; оқу-әдістемелік және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуді (оқулықтар, оқу құралдары және т.б.);

жалпы білім беретін пәндер циклі бойынша ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау құрылымын;

оқушылардың жасөспірімдік ерекшеліктеріне қарай оқыту әдістері мен олардың ерекше білім беру қажеттіліктерінің өзара байланысын;

техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін;

оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи амалдары; оқыту мен білім берудегі қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың мақсатын;

оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқу стратегияларының, әдістерінің және тәсілдерінің жүйесін;

ойлау процесінің таксономиясы мен оқыту мақсаттарын;

оқушылардың зерттеу қызметінің мәні мен мағынасын;

жалпы білім беретін пәндерді оқу процесінде оқушылардың сыни ойлауын дамыту қажеттілігі;

жалпы білім беретін пәндерді оқуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану әдісін біледі.

2) білім беру мен оқытуда заманауи тәсілдерді, ТжКБ беру ұйымдарында білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін интерактивті өзара әрекет әдістерін қолдануды;

ТжКБ беру жүйесін жетілдіру жағдайында білім беру процесін модельдеуді;

оқытудың заманауи технологиясын, әртүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару, оларды пайдаланудың мақсаттылығын анықтауды;

оқушылармен жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар жиынтығын қалыптастыру және білімді игерудің қажетті толымдығы мен сапасын қамтамасыз етуді;

Блум таксономиясына сәйкес әртүрлі деңгейлік тапсырмаларды құрастыруды;

оқушылардың функционалдық ғылыми-жаратылыстану сауатын дамытуға көмектесетін тапсырмаларды құрастыруды;

оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді пайдалануды;

білім берудегі жаңа ұстанымдар жағдайында оқу қызметін жобалауды;

оқыту процесінде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қолданады.

3) жалпы білім беретін пәндерді тиімді оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктерді;

заманауи жағдайға балама таңдау мақсатында жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды, оқу құралдарын талдау дағдыларын;

білім беру мен оқытудағы заманауи амалдарды енгізу арқылы оқытудың табыстылығын болжау дағдаларын;

оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы бар амалдарды салыстыру дағдыларын;

оқушыларда жоғары тәртіптегі ойлауды дамыту дағдыларын;

оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру дағдыларын;

сабақты зерттеу және зерттеуді әрекетте ұйымдастыру дағдыларын;

оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін тәсілдерді тиімді пайдалану дағдыларын;

мәселелерді және оларды техникалық және кәсіби білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндер бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда шешу мүмкін жолдарды бағалауды;

жалпы білім беретін пәндерді оқытудың сандық білім беру ресурстарының дидактикалық және технологиялық мүмкіндіктерін бағалау тәсілдерін меңгереді.

4 - тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативті-құқықтық модуль;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

Басшы кадрлар үшін басшыларға басқарушылық модулі қосылады.

7. Нормативті-құқықтық модульде келесі тақырыптар зерделенеді:

"Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Жолдауы аясында білім беруді дамыту";

"Ұлт жоспары – 100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет";

"2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық бағыттары";

"Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудың тетіктері мен жолдары";

"Техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың концептуалды негіздері";

"Техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету".

8. Психологиялық-педагогикалық модульде келесі тақырыптар зерделенеді:

"Колледж жағдайында оқу қызметін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері";

"Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытудағы психологиялық-педагогикалық амалдар";

"Техникалық және кәсіби білім беруді жетілдіру жағдайындағы инновациялық қызмет";

"Психологиялық-педагогикалық аспект".

9. Мазмұндық модульде төмендегідей мәселелер қарастырылады:

"Білім беру мен оқытуға деген заманауи амалдар, жалпы білім беретін пәндерді оқытуда өзара интерактивті байланысу әдістері";

"Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау ерекшеліктері";

"Микрооқыту және жобалау; жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу сабақтарының (қысқа мерзімді жоспарлау) тиімді жоспарын әзірлеу";

"Жалпы білім беретін пәндерді оқытудағы зерттеу практикасы: сабақты зерттеу "Lesson Study" ("Лесн Стади") және әрекеттегі зерттеу "Action Research" ("Акшэн РисҰрч)";

"Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи амалдары";

"Жалпы білім беретін және арнайы пәндердің арасындағы пәнаралық байланыс бәсекеге қабілетті маманды даярлау сапасын арттыру құралы ретінде";

"Жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда және сабақтан тыс қызметте оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту";

"Оқу сабақтарының панорамды үзінділерін қорғау".

10. Технологиялық модульде келесі мәселелер бойынша практикалық тапсырмалар орындалады:

"Жалпы білім беретін пәндерді оқу барысында оқушылардың сыни ойлауын дамыту";

"Жалпы білім беретін пәндерді оқу барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тәсілдері мен әдістері";

"Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану";

"Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу тапсырмаларын Б.Блумның таксономиясына сәйкес жобалау".

11. Вариативті модульде тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келесідей тақырыптарды таңдау мүмкіндігі беріледі:

"Жалпы білім беретін пәндерді оқуда оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру";

"Сыни ойлауды дамыту технологиясы негізінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері";

"Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің жаңа амалдары";

"Оқушыларды критериалды бағалау";

"Оқушыларды бағалау процесінің сипаттамасы";

"Білім беру процесін технологизациялау оқушыларда басты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру факторы ретінде";

"Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар ТЖКБ беру жүйесінде білім беру процесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде";

"Педагогтердің Интернет-қауымдастықта өзара әрекеттесуі кәсіптік біліктілікті арттырудың шарты ретінде. "Microsoft Office" (Майкрософт Оффис) құралдарымен оқу-әдістемелік материалдарды дайындау әдісі".

Ескерту:

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль көлемі 2 – 6 сағатқа дейін өзгеруі мүмкін.

5 - тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

12. Білім беру процесі Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес 36 және 80 сағаттық оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

13. Білім беру процесін ұйымдастыруда тыңдаушылардың білімдерін бағалау мен бақылау мақсатында өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, шағын-сабақты (шағын-шаралар) презентациялау және қорытынды тестілеу өткізіледі.

14. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысының тапсырмалары:

1) пән бойынша оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларын әзірлеу;

2) пән бойынша оқу тапсырмаларын Б. Блумның таксономиясына сәйкес әзірлеу;

3) пән бойынша оқу тапсырмаларын оқушылардың кәсіптік бағытын есепке ала отырып, әзірлеу;

4) пән бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларын әзірлеу.

15. Тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары:

1) оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқу процесін жобалау;

2) педагогикалық мақсаттар таксономиясы білім беру процесін жобалау негізі ретінде;

3) жалпы білім беретін және арнайы пәндердің арасындағы пәнаралық байланысты жүзеге асыруға бағытталған білім беру процесін жобалау;

4) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған білім беру процесін жобалау.

6 - тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

16. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталас, "миға шабуыл", рөлдік ойындар, тренингтер, жобалар әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешуді қамтиды.

17. Ересектер аудиториясының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту барысында тыңдаушыларға қисынды қорытындылар жасауға, мазмұнды өз практикасына бейімдеуге және алған біліктерін аудиториялық практикалық сабақтар және аудиториядан тыс өздік жұмыс жағдайында өткізуге мүмкіндік беріледі.

18. Білім беру процесі аудиториялық сабақтар және өзіндік жұмыстарды жүргізуден тұрады. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағытталуы қазіргі білімдік технологиялар және интербелсенді нысандарын пайдалану арқылы қол жеткізілетін қызметтік амалды болжайды: шағын топтардағы жұмыс; оқытатын ойындар; кері байланыс; күрделі және дискуссиялық сұрақтар мен мәселелерді талқылау; шеберлік сыныбы; "дөңгелек үстел".

7 - тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

19. Өзіндік жұмысты жүргізу үшін келесі критерийлер айқындалады:

1) жүзеге асырылмаған - 0 балл;

2) ішінара жүзеге асырылған -2 балл;

3) толық жүзеге асырылған - 4 балл.

20. Білімді меңгеру деңгейін анықтауға келесідей өлшемдер қолданылады:

1) орындалған жұмыстың алынған міндетке сәйкестігі: тапсырмалар алынған міндетке сай емес; тапсырмалар алынған міндетке сай; тапсырмалар алынған міндетке толықтай сай;

2) сұрақтың анықтығы, толықтығы, дәйектігі; жеткіліксіз; негізінде жеткілікті; толық.

3) тапсырмалар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - МЖМББС) мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне ішінара сай; тапсырмалар МЖМББС мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне ішінара сай; тапсырмалар МЖМББС мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне толықтай сай;

4) нәтиже сапасы; дайындалған тапсырмалар алынған мақсат пен күтілетін нәтижеге сай емес; дайындалған тапсырмалар алынған мақсат пен күтілетін нәтижеге толыққанды сай емес; дайындалған тапсырмалар алынған мақсат пен күтілетін нәтижеге толықтай сай;

5) материалдың тәжірибелік мәні; жұмыстың тәжірибелік мәні жоқ; жұмыс жартылай тәжірибелік мәнге ие; жұмыстың тәжірибелік мәні бар және пайдалануға ұсынылуы мүмкін;

6) жұмыс біршама өңдеуді талап етеді, өйткені қолданыстағы нұсқауға сай емес; өйткені қолданыстағы нұсқауға сай емес; жұмыс біршама өңдеуді талап етеді, өйткені қолданыстағы нұсқауға сай емес; жұмыс біршама өңдеуді талап етеді, өйткені қолданыстағы нұсқауға сай емес; жұмыс ұсынылған барлық компоненттерге сай әзірленген; жұмыс біршама өңдеуді талап етеді, өйткені қолданыстағы нұсқауға сай емес.

21. Тындаушылардың өздік жұмысын орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге көшірумен жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 11-12 балл (85-100%);
- 2) "Жақсы": 9-10 балл (75-84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 6-8 балл (50 - 74%).

22. Жоба жұмыстарын өткізуде төмендегідей критерийлер -0, 1, 2, 3 балл және өлшемдер айқындалған:

1) жобаның мәселесі: ашылмаған; фрагментті ашылған; ашылған, автор тақырып бойынша білімінің жеткілікті дәрежеде терең еместігін көрсетті; толық ашылған, автор тақырыпты терең білетіндігін көрсетті;

2) мақсатты тұжырымдау: мақсат тұжырымдалған, бірақ оған жету жоспары жоқ; мақсат тұжырымдалған, негізделген, оған жетудің сұлбалық жоспары берілген; мақсат тұжырымдалған, нақты негізделген, оған жетудің нақты жоспары берілген;

3) жоспарлау: жоспар қызмет мазмұнын бейнелемейді, жоспар үстіртін сипатта; жоспарлау логикасы мен бірізділігі жеткіліксіз; жоспарлау қисынды, бірізді, қызмет мазмұнын толық бейнелейді;

4) нәтижелерді бағалау: жобалық өнім жоқ; жобалық өнім мәлімделген мақсатқа сәйкес емес (яғни қойылған мақсатқа); жобалық өнім мәлімделген мақсатқа толық сәйкес келмейді; жобалық өнім мәлімделген мақсатқа толық сәйкес (қойылған мақсатқа сай);

5) алынған нәтижелердің мәні: нәтиженің практикалық мәні жоқ; алынған нәтиженің тек теориялық мәні бар; нәтиженің тек жартылай ғана практикалық мәні бар; нәтиженің практикалық мәні зор және пайдалануға ұсынуға болады.

23. Тыңдаушылардың жобалық жұмысты орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге көшірумен жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 13-15 балл (85-100%).
- 2) "Жақсы": 10-12 балл (75-84%).
- 3) "Қанағаттанарлық": 7-9 балл (50 - 74%).

24. Курс тыңдаушылары шағын-сабақты (шағын-шараны) презентациялау кезінде сабақтың, шараның түрлі кезеңдерін жоспарлау және білім мазмұнын жаңартуды есепке алып оқыту бойынша үзінді көрсетеді:

1) интерактивті өзара әрекет әдістерін пайдалану негізінде пән бойынша оқу сабағы;

2) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағдарланған пән бойынша оқу сабағының;

3) АКТ технологияларын пайдаланып, пән бойынша оқу сабағының;

4) сыни ойлауды дамыту технологиясын пайдаланып, пән бойынша оқу сабағының қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу ұсынылады.

25. Курс тыңдаушылары шағын-сабақтарды, шағын-іс-шараны презентациялау үшін келесідей критерийлер анықталған:

- 1) жүзеге асырылмаған - 0 балл;
- 2) жартылай жүзеге асырылған - 1 балл;
- 3) толықтай жүзеге асырылған - 2 балл.

26. Шағын сабақты, шағын іс-шараны презентациялау кезінде білімді меңгеру деңгейін бағалауға төмендегі өлшемдер алынған:

1) жобалау сапасы (іс-шаралар, процес): стратегияны нақты анықтау; мақсаттар мен міндеттерде басымдықтарды есепке алу; мақсатты тұжырымдауға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес мақсаттың нақты анықталуы; мақсатты тұжырымдау нақты сипатқа ие; мақсат қол жетерлік және өлшемді; мақсатқа жетуге көмектесетін міндеттер жазылған; мазмұны анықталған; қызметтің нәтижелері анықталған, нәтижелер қойылған мақсатпен сәйкестендірілген; жоспарлаудың тұтастығы мен икемділігі қарастырылады; нысандар, әдістер мен

тәсілдер белгіленген; педагогикалық және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар белгіленген;

2) шарттар сапасы: Ресурстық қамтамасыз етудің кешенділігі және қажеттілік болған жағдайда ресурстарды өзара алмастыру мүмкіндігін болжау: кадрлық қамтамасыз ету; материалдық-техникалық, IT-инфрақұрылым; оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

3) нәтижелер сапасы: жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесі: мақсат – міндеттер – күтілетін нәтиже; ұсынымдардың тиімділігі мен жүзеге асырылуы.

27. Тыңдаушылардың шағын сабақтарды (шағын іс-шараны) презентациялауы бойынша білімдерін бағалау, балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 11-12 балл (85-100%).
- 2) "Жақсы": 9-10 балл (75-84%).
- 3) "Қанағаттанарлық": 6-8 балл (50 - 74%).

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы жалпы білім беру пәндер оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасына
1 - қосымша

36 сағаттық курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптамасы	Дәріс	Таңдау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Шеберлік-сынып
1	Нормативтік-құқықтық модуль	2		2			
1.1	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Жолдауы аясында білім беруді дамыту. "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет. 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық бағыттары	1					
1.2	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі	1					

	2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудың тетіктері мен жолдары					
1.3	Техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың концептуалды негіздері			1		
1.4	Техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету.			1		
2	Психологиялық-педагогикалық модуль.	2		2		
2.1	Колледж жағдайында оқу қызметін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.	1				
2.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқышыларды оқытудағы психологиялық-педагогикалық амалдар.	1				
2.3	Техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайындағы инновациялық қызмет. Психологиялық-педагогикалық аспект.			2		
3	Мазмұндық модуль			8	5	
3.1	Білім беру мен оқытуға деген заманауи амалдар, жалпы білім беретін пәндерді оқытуда өзара интерактивті байланысу әдістері.			1	1	
3.2	Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау ерекшеліктері.			1	1	
3.3	Микрооқыту және жобалау. Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу сабақтарының (қысқа мерзімді жоспарлау) тиімді жоспарын әзірлеу			2	1	
3.4	Жалпы білім беретін пәндерді оқытудағы зерттеу практикасы: сабақты зерттеу "Lesson Study" ("Лесен Стади") және әрекеттегі зерттеу "Action Research" (Акшэн РисҰрч)			1	1	
	Техникалық және кәсіби білім беру мазмұнын жаңарту					

3.5	жағдайында оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи амалдары		1	1		
3.6	Жалпы білім беретін және арнайы пәндердің арасындағы пәнаралық байланыс бәсекеге қабілетті маманды даярлау сапасын арттыру құралы ретінде.		2			
3.7	Жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда және сабақтан тыс қызметте оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту.					
3.8	Оқу сабақтарының үзінділерін панорамды қорғау.					
3.9	Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзырет-тілігін анықтау (қорытынды тестілеу).					
4	Технологиялық модуль		8			
4.1	Жалпы білім беретін пәндерді оқу барысында оқушылардың сыни ойлауын дамыту.		2			
4.2	Жалпы білім беретін пәндерді оқу барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тәсілдері мен әдістері		2			
4.3	Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану		2			
4.4	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу тапсырмаларын Б. Блумның таксономиясына сәйкес жобалау		2			
5	Вариативтік модуль	2				
5.1	Жалпы білім беретін пәндерді оқуда оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру Сыни ойлауды дамыту технологиясы негізінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің жаңа амалдары. Оқушыларды критериалды бағалау. Оқушыларды бағалау процесінің сипаттамасы. Білім беру процесін технологизациялау оқушыларда басты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру факторы ретінде. Ақпараттық-коммуникациялық	2				

технологиялар Тж/КББ беру жүйесінде білім беру процесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде. Педагогтердің Интернет-қауымдастықта өзара әрекеттесуі кәсіби біліктілікті арттырудың шарты ретінде. Microsoft Office (Майкрософт Оффис) құралдары-мен оқу-әдістемелік материалдарды дайындау әдісі.						
Барлығы:	4	2	20	5		

кестенің жалғысы

Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақты қорғау	Жоба қорғау	Тестілеу	Барлығы
						4
						1
						1
						1
						1
						4
						1
						1
						2
2		1	1		1	18
						2
						2
						3
						2
						2
		1				3
2						2
			1			1
					1	1
						8
						2
						2
						2
						2
						2
						2
2		1	1		1	36

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы жалпы білім беру пәндер оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасына
2 - қосымша

80 сағаттық курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптамасы	Дәріс	Таңдау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Шеберлік-сынып
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	4		4			
1.1	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Жолдауы аясында білім беруді дамыту. "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет. 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық бағыттары	2					
1.2	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудың тетіктері мен жолдары	2					
1.3	Техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың концептуалды негіздері			2			
1.4	Техникалық және кәсіби білім беруді жетілдіру жағдайында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету.			2			
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	6		2			
2.1	Колледж жағдайында оқу қызметін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.	2					
2.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытудағы психологиялық-педагогикалық амалдар.	2					

2.3	Техникалық және кәсіби білім беруді жетілдіру жағдайындағы инновациялық қызмет. Психологиялық-педагогикалық аспект.	2	2			
3	Мазмұндық модуль		14	10		
3.1	Білім беру мен оқытуға деген заманауи амалдар, жалпы білім беретін пәндерді оқытуда өзара интерактивті байланысу әдістері.		2	2		
3.2	Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау ерекшеліктері.		2	2		
3.3	Микрооқыту және жобалау. Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу сабақтарының (қысқа мерзімді жоспарлау) тиімді жоспарын әзірлеу		4	2		
3.4	Жалпы білім беретін пәндерді оқытудағы зерттеу практикасы: сабақты зерттеу (Lesson Study) (Лесн Стади) және әрекеттегі зерттеу (Action Research) (Акшэн РисҰрч).		2	2		
3.5	Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи амалдары		2	2		
3.6	Жалпы білім беретін және арнайы пәндердің арасындағы пәнаралық байланыс бәсекеге қабілетті маманды даярлау сапасын арттыру құралы ретінде.		2			
3.7	Жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда және сабақтан тыс қызметте оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту.					
3.8	Оқу сабақтарының үзінділерін панорамды қорғау.					
	Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттілігін анықтау (қорытынды тестілеу).					
4	Технологиялық модуль		16			
4.1	Жалпы білім беретін пәндерді оқу барысында оқушылардың сыни ойлауын дамыту.		4			
	Жалпы білім беретін пәндерді оқу барысында оқушылардың					

4.2	функционалдық сауаттылығын дамыту тәсілдері мен әдістері			4			
4.3	Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану			4			
4.4	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу тапсырмаларын Б. Блумның таксономиясына сәйкес жобалау			4			
5	Вариативтік модуль		12				
5.1	Жалпы білім беретін пәндерді оқуда оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру Сыни ойлауды дамыту технологиясы негізінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің жаңа амалдары Оқушыларды критериалды бағалау. Оқушыларды бағалау процесінің сипаттамасы. Білім беру процесін технологияландыру оқушыларда басты кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру факторы ретінде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар Тж/КБ беру жүйесінде білім беру процесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде. Педагогтердің Интернет-қауымдастықта өзара әрекеттесуі кәсіби біліктілікті арттырудың шарты ретінде. Microsoft Office құралдары-мен оқу-әдістемелік материалдарды дайындау әдісі.		12				
	Барлығы:	10	12	36	10		

кестенің жалғысы

Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақты қорғау	Жоба қорғау	Тестілеу	Барлығы
9	10	11	12	13	14	15
						8
						2
						2
						2
						2
						8

					2
					2
					4
4		2	4	2	36
					4
					4
					6
					4
					4
		2			4
4					4
			4		4
				2	2
					16
					4
					4
					4
					4
					12
					12
4		2	4	2	80

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 25 шілдедегі
№ 330 бұйрығына
12 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыз
№ 193 бұйрығына
12 - қосымша

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының " Жаратылыстану-математика пәндері оқытушысының нәтижеге бағытталған білім беру моделі жағдайындағы кәсіби-тұлғалық дайындығы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

1 тарау. Кіріспе

1. "Жаратылыстану-математика пәндері оқытушысының нәтижеге бағытталған білім беру моделі жағдайында кәсіби-тұлғалық дайындығы" тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ)

ұйымындарындағы жаратылыстану-математика пәндер оқытушыларына арналған.

2. Білім беру бағдарламасы тыңдаушыларды жаратылыстану-математикалық пәндерді оқыту технологияларын жетілдірудегі инновациялық тәсілдермен таныстыруға бағытталған.

2 - тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты – нәтижеге бағытталған білім беру моделі жағдайында қызмет жасауға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларының кәсіби-тұлғалық деңгейін арттыру болып табылады.

4. Бағдарлама мақсатын жүзеге асыру үшін келесі міндеттер анықталды:

1) нәтижеге бағытталған білім беру моделінің тұжырымдамалық идеяларының мәнін түсінуге ықпал ету;

2) жаратылыстану-математика пәндер оқытушыларының білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық білімді қолданудың мүмкіндігін көрсету;

3) нәтижеге бағытталған білім беру моделінің қағидаттары мен тәсілдемесін есепке ала отырып, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша сабақтарды жобалау және білім алушылардың оқу нәтижелерін критериалды бағалау дағдыларын дамыту;

4) жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша білім беру процесінде тұлғаға бағытталған технологияларды қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ету;

5) курстан кейінгі кезеңде өзін-өзі үздіксіз кәсіби дамытуға ынталандыру.

3 - тарау. Күтілетін нәтиже

5. Біліктілікті арттырудың оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесінде оқытушылар:

1) нәтижеге бағытталған білім беру моделінің тұжырымдамалық идеяларының мәнін: Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі дамуының басым бағыттарын;

білім беру мазмұнының жаңаруы аясында жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маңыздылығын;

оқытуда пайдаланылатын білім мазмұнын жаңарту қағидаттары мен тәсілдемесіне сәйкес келетін тиімді педагогикалық технологияларды;

білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес педагогтың бақылау-бағалау іс-әрекетінің объектілерін біледі.

2) тиімді педагогикалық технологияларды пайдалана және білім беру мазмұны жаңаруының қағидаттары мен тәсілдемесін есепке ала отырып сабақтарды жобалауды;

білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды;

курстан кейінгі кезеңде өзін-өзі үздіксіз кәсіби дамыту траекториясын әзірлеуді қолданады.

3) нәтижеге бағытталған білім беру моделінің тұжырымдамалық идеяларын жүзеге асыру аясында білім беру аймағын оқу-әдістемелік сүйемелдеу дағдыларын;

жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша мемлекеттік білім берудің күтілетін нәтижелеріне қол жеткізген білім алушылардың бақылау-бағалау әрекеті дағдыларын;

оқу бағдарламаларын меңгерудің күтілетін нәтижелерін қалыптастыру/бағалау үшін педагогикалық технологияларды, оқыту формаларын, әдістерін, құралдарын таңдауды және бейімдеуді дәлеледеу дағдыларын;

педагогикалық іс-әрекеттің жекелеген салаларындағы кәсіби құзыреттіліктеріне (арнайы, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық, рефлексиялық) өзіндік баға беру дағдыларын меңгереді.

4 - тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық модуль;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

7. Нормативтік-құқықтық модульде нормативтік құқықтық актілермен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары. ТЖКБ білім беретін педагогтер қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер қарастырылады.

8. Психологиялық-педагогикалық модульде қарастырылатын тақырыптар:

"Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу";

"Жаратылыстану-математикалық пәндері білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі";

"Жаратылыстану-математикалық пәндері білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін жобалау";

"Адамгершілік-рухани білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. "Өзін-өзі тану" пәнінің жаратылыстану-математикалық білім беру мазмұнымен кіріктіру".

9. Мазмұндық модульде зерделенетін тақырыптар:

"ТжКБ ұйымдарында математикалық білім беруді нормативтік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (МЖМББС білім алушылардың дайындық деңгейінің талаптары, типтік оқу бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер)";

"Табысты оқу мен оқыту, құзырлы оқытушы жөнінде зманауи түсініктер";

"Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында оқу мақсатын қоюдың тәсілдемесі. SMART (СМАРТ) ережесі";

"Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушының метатанымдық қабілеттерін дамыту өмір бой үздіксіз оқу жағдайы ретінде";

"Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында проблемаларды коллаборативті шешуге білім алушыларды тарту";

"ТжКБ ұйымдарының сабақтарында Б.Блум таксономиясы сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асырудың әдіснамалық негізі ретінде";

"ТжКБ ұйымдарында білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту";

"Білім берудің тиімді педагогикалық технологиялары, техникалары мен тәсілдері: Ж.А.Қараевтың деңгейлі саралау оқыту технологиясы оқыту сапасын арттыру құралы ретінде; М.М. Жанпейісованың интенрбелсендік модульдік технологиясы; жаратылыстану-математикалық пәндер сабағында мәселеге бағдарланған оқыту";

"Жаратылыстану-математикалық пәндер сабағында оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәсілдері.

"Жаратылыстану-математикалық пәндер сабағында формативті бағалау білім алушыларды өз оқуын жақсарту құралы ретінде. Суммативті бағалау";

"Пән бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау";

"Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша өндірістік мазмұнда берілген есептерді шығару әдістемесі және білім мазмұнын іріктеу жолдары";

"Зерттеу тәжірибелері оқытушының кәсіби дамуының негізі ретінде, зерттеу сабағы: жоспарлау, бақылау, талқылау".

10. Технологиялық модульде келесі мәселелер бойынша практикалық тапсырмалар орындалады:

"Білім беру процессінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен мүмкіндіктері";

"Цифрлік білім беру ресурстары, пәндер бойынша стандарттық бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы білім беру контентін жобалау технологиясы";

"Желілік педагогикалық қоғамдастықтары мен білім беру порталдарымен жұмыс жасау негіздері, Интернет желідегі ашық білім беру ресурстары";

"Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері, сабақтарда жоба әдісін қолдану, оқу жобасы оқытушының кәсіби даму құралы ретінде, курс бойынша жобаның құрылымдық компоненттерін жобалау".

11. Вариативті модульде тыңдаушыларғадың қажеттіліктеріне сәйкес келесідей тақырыптарды таңдау мүмкіндігі беріледі:

"ТЖКБ оқушылардың жобалық іс-әрекеті пайдалану (оқу жобасы портфолиосын әзірлеу)";

"Кейс-стади" әдісі арқылы тәжірибелік өмірлік жағдаяттарда математикалық білімді пайдалану бойынша білім алушылардың дағдыларын дамыту";

"Оқытудағы ынтымақтастық арқылы оқу процесін жобалау";

"Вариативті компонент бағдарламаларын әзірлеу білім алушылардың кәсіби бағдарлану құралы ретінде".

Ескерту:

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативті модуль көлемі 2 – 6 сағатқа дейін өзгеруі мүмкін.

5 - тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

12. Білім беру процесі Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес 36 және 80-сағаттық оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

13. Білім беру процесін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімдерін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыстар, жоба жұмыстары, шағын сабақ (шағын шара) көрсетілімі және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

14. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар:

1) Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша сабақтардың оқу мақсаттары мен тілдік мақсаттарын әзірлеу (тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

2) Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша сабақтың пререквизиттерін қисындап мазмұндау (алдағы оқу алдыңғы сабақтарда оқушылар алған қай білімдері мен дағдыларына негізделіп құрылады (пәні, тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

3) Оқу мақсаттарына жетуге бағытталған әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды құрастыру (Б.Блум таксономиясы бойынша) (тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

4) Тапсырмаларды қалыптастырушы бағалау үшін стратегиялар мен құралдарды ұсыну (пәні, тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

5) Сабақтарда білім алушылардың сыни тұрғысынан ойлауын дамыту стратегиялары мен тәсілдерін ұсыну (пәні, тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

6) Білім алушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін тесттік тапсырмалар құрастыру (пәні, тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

7) Математика бойынша бір сабаққа цифрлік білім беру ресурсын (ЦБР) әзірлеу (тақырыбы – таңдау бойынша).

15. Тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары:

1) Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу (пәні, тақырыбы, курсы – таңдау бойынша).

2) Таңдау пәні бойынша бағдарламаны әзірлеу.

3) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында диалогті оқытуды пайдалану.

4) Білім алушылардың зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

5) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында сыни тұрғысынан ойлауын дамыту.

6) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушылардың жобалау әрекетін ұйымдастыру.

7) Портфолио білім алушының оқу нәтижелерін бағалаудың жаңа жүйесі ретінде.

8) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушылардың рефлексивтік құзыреттілігін дамыту.

9) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту.

10) Білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау үшін критериалды бағалау технологиясын қолдану.

11) Модулдік оқыту технологиясы білім алушыны дамыту құралы ретінде.

12) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану.

13) Жаратылыстану-математикалық пәндерін оқыту процесінде тұлғаға бағытталған тәсілдемені қолдану.

14) Б.Блум таксономиясы жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушылардың жетістіктерін өлшеудің әмбебап құралы ретінде.

15) Оқудың кәсіптік бағыттанушылығын қамтамасыз ету мақсатында пәнаралық сипатта қолданбалы тапсырмалар кешенін әзірлеу.

16) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында комбинаторлық-логикалық ойлауды дамытудың тәсілдемесі.

17) Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушылардың өздік әрекетін ұйымдастыру.

18) Ж.А. Караевтың деңгейлеп оқыту технологиясы білім берудің парадигмалық өзгерісінің көрсеткіші ретінде.

19) ТЖКБ ұймдарының білім алушыларына арналған қолданбалы курстың бағдарламасын әзірлеу.

20) Жаратылыстану-математикалық пәндер педагогінің өздік кәсіби дамуы бағдарламасын әзірлеу.

6 - тарау. Білім беру процесін іске асыру нысандары мен әдістері

16. Білім беру процесі оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады: пікірталастар, "мимен шабуыл", рөлдік ойындар, тренингтер, жобалар әдісі, видеофильмдерді талқылау, мәселені бірігіп шешу.

17. Ересектер аудиториясының спецификасын есепке ала отырып тыңдаушыларға логикалық қорытындылар жасауға, мазмұнды өзінің іс-тәжірибесіне бейімдеуге және алынған іскерліктерді аудиториялық практикалық сабақтар мен аудиториядан тыс өзіндік жұмыстарда апробациялауға мүмкіндік беріледі.

18. Білім беру процесі бетпе-бет оқыту мен тыңдаушылардың өзіндік жұмысын кіріктіреді. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағдарлануы іс-әрекеттік тұрғыдан келуді көздейді, оған заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың интербелсенді формаларын: шағын топтағы жұмыс; үйрету ойындары; кері байланыс; күделі және дискуссиялық сұрақтар мен мәселелерді талқылау; шеберлік сыныбы, "дөңгелек стол", қолдану арқылы қол жеткізіледі.

7 - тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

19. Өзіндік жұмысты жүргізу үшін келесі критерийлер айқындалады:

- 1) жүзеге асырылмаған – 0 балл;
- 2) ішінара жүзеге асырылған –1 балл;
- 3) толық жүзеге асырылған – 2 балл.

20. Білімді меңгеру деңгейін анықтауға келесідей өлшемдер қолданылады:

- 1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруі;
- 2) практикалық тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімді пайдалануы;
- 3) материалдың практикалық маңыздылығы;
- 4) мәселені баяндауының негізделуі, толықтығы, анықтығы;
- 5) талаптарға сәйкес рәсімделуі.

21. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 9-10 балл, (85-100%);
- 2) "Жақсы": 7-8 балл, (75-84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 5-6 балл, (50-74%).

22. Жоба жұмыстарын өткізуде 1, 2 балл критерийлер және төмендегідей өлшемдер айқындалған:

- 1) мәселені түсінеді және мәселені таңдауын түсіндіреді;
- 2) жағдаятты талдау негізінде қайшылықтарды атайды;
- 3) мәселенің туындау себептерін атайды;
- 4) мәселені тұжырымдайды, оның себептерін талдайды;
- 5) мақсатты тұжырымдайды және түсінеді;
- 6) міндеттер мақсатқа сәйкес;
- 7) мақсатқа жетуге көз жеткізу тәсілдерін ұсынды;
- 8) мәселелерді шешу тәсілдерін ұсынды;
- 9) стратегия ұсынды;
- 10) жобамен жұмыс істеу туралы айтып берді;
- 11) әрекет қадамдарының тәртібін анықтады;
- 12) қадамдарды ұсынды және кейбір ресурстарды көрсетті;
- 13) ресурстарды негіздеп берді;
- 14) ағымдағы бақылауды жоспарлады;
- 15) күтілетін нәтижемен өнімді салыстырды;
- 16) өнімнің ойдағымен сәйкестігі туралы қорытынды жасады;
- 17) өнімді бағалаудың критерийлерін ұсынды;
- 18) өнімнің критерийге сәйкестігін бағалады;
- 19) критерийлер жүйесін ұсынды;
- 20) алынған нәтижелер мәні;
- 21) күтілетін өнімді сипаттады;
- 22) өнімді қалай қолданатынын айтып берді;
- 23) өнімді тұтынушылар мен пайдалану аясын негіздеп берді;
- 24) өнімді пайдалану бойынша пікір білдірді;
- 25) алға жылжуды жоспарлады немесе қолдану шекарасын көрсетті.

23. Тыңдаушылардың жоба жұмыстарын орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 47-50 балл, (85-100%);
- 2) "Жақсы": 36-47 балл, (75-84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 25-36 балл, (50-74%).

24. Курс тыңдаушылары шағын-сабақты (шағын-шараны) презентациялау кезінде сабақтың, шараның түрлі кезеңдерін жоспарлау және білім мазмұнын жаңартуды есепке алып оқыту бойынша үзінді көрсетеді.

25. Курс тыңдаушылары шағын-сабақтарды, шағын-іс-шараны презентациялау үшін келесідей критерийлер анықталған:

- 1) дағдылардың қалыптасу деңгейі – 0 балл, осы сабақта қолдануға келмейді;
- 2) 1 балл – дағдыланған;
- 3) 2 балл – дағды даму барысында;
- 4) 3 балл – дағды қалыптасқан

26. Шағын сабақты, шағын іс-шараны презентациялау кезінде білімді меңгеру деңгейін бағалауға төмендегі өлшемдер алынған:

- 1) ақпаратты түсінікті жеткізуі;
- 2) нұсқауды анық және дәл беруі;
- 3) қатысушылардың түсінгендерін анықтай алуы;
- 4) аудиторияның қызығушылығын тұрақты ұстауы;
- 5) ұйымдастырылған шараның уақытын тиімді басқара алуы;
- 6) кері байланыстың нәтижелігі;
- 7) өзара сыйластық, ынтымақтастық және қолдау климатын жасауы;
- 8) шараның мақсатын қоюы және күтілетін нәтижені белгілеуі;

9) шараны ұйымдастыруда белсенді стратегиялары мен жаттығуларын ретімен және нәтижелі қолдануы;

10) қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі, мәселелер мен келіспеушіліктердің шешімін табуы;

11) ашық сұрақтарды қолдануы;

12) талқылауды/тапсырмаларды орындауды нәтижелі аяқтауы және оқытудың кезеңдері арасында байланыс орнатуы;

13) ойлануға және өзін-өзі бағалауға жеткілікті уақыт береді.

27. Тыңдаушылардың шағын сабақтарды (шағын іс-шараны) презентациялауы бойынша білімдерін бағалау, балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) "Өте жақсы": 35 – 39 балл (85-100%);
- 2) "Жақсы": 29 – 34 балл (75-84%);
- 3) "Қанағаттанарлық": 20 – 28 балл (50-74%).

Педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру
курстарының "Жаратылыстану -
математика пәндері
оқытушысының нәтижеге
бағытталған білім беру моделі
жағдайындағы кәсіби-тұлғалық
дайындығы" тақырыбындағы

Курстың оқу-тақырыптық жоспары 36 сағат

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Таңдау бойынша дәріс	Практикалық сабақ	Семинар	Тренин	Шеберлік сағаты
1	Нормативтік-құқықтық модуль	2		2			
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары. ТжКБ білім беретін педагогтер қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер	2		2			
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	2		1	1		
2.1	Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	1					
2.2	Жаратылыстану-математикалық пәндері білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі				1		
2.3	Жаратылыстану-математикалық пәндері білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін жобалау			1			
2.4	Адамгершілік-рухани білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері. "Өзін-өзі тану" пәнінің жаратылыстану-математикалық білім беру мазмұнымен кіріктіру	1					
3	Мазмұндық модуль	4		4	6	1	
3.1	ТжКБ ұйымдарында математикалық білім беруді нормативтік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (МЖМББС білім алушылардың дайындық деңгейінің талаптары, типтік оқу бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер)	1					
3.2	Табысты оқу мен оқыту, құзырлы оқытушы жөнінде заманауи түсініктер	1					
3.3	Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында оқу мақсатын қоюдың тәсілдемесі. SMART ("СМАРТ") ережесі			1			
3.4	Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында білім алушының метатанымдық қабілеттерін дамыту өмір бой үздіксіз оқу жағдайы ретінде				2		
	Жаратылыстану-математикалық пәндер сабақтарында проблемаларды						

3.5	коллаборативті шешуге білім алушыларды тарту					1	
3.6	ТжКБ ұйымдарының сабақтарында Б.Блум таксономиясы сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асырудың әдіснамалық негізі ретінде			1			
3.7	ТжКБ ұйымдарында білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту	1		1	1		
3.8	Білім берудің тиімді педагогикалық технологиялары, техникалары мен тәсілдері: Ж.А.Қараевтың деңгейлі саралау оқыту технологиясы оқыту сапасын арттыру құралы ретінде; М.М.Жанпейісованың интербелсендік модульдік технологиясы; жаратылыстану-математикалық пәндер сабағында мәселеге бағдарланған оқыту						
3.9	ТжКБ ұйымдарында жаратылыстану-математикалық пәндер сабағында оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәсілдері Жаратылыстану-математикалық пәндер сабағында формативті бағалау білім алушыларды өз оқуын жақсарту құралы ретінде. Суммативті бағалау	1		1			
3.10	Пән бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау				1		
3.11	Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша өндірістік мазмұнда берілген есептерді шығару әдістемесі және білім мазмұнын іріктеу жолдары				1		
3.12	Зерттеу тәжірибелері оқытушының кәсіби дамуының негізі ретінде, зерттеу сабағы: жоспарлау, бақылау, талқылау				1		
3.13	Кіру/шығу диагностикасы						
3.14	Жобаларды қорғау						
4	Технологиялық модуль	2		4	2		
4.1	Білім беру процессінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен мүмкіндіктері	1					
4.2	Цифрлік білім беру ресурстары, пәндер бойынша стандарттық бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы білім беру контентін жобалау технологиясы			1			
4.3	Желілік педагогикалық қоғамдастықтары мен білім беру порталдарымен жұмыс жасау негіздері, Интернет желідегі ашық білім беру ресурстары			1			

4.4	Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері, сабақтарда жоба әдісін қолдану, оқу жобасы оқытушының кәсіби даму құралы ретінде, курс бойынша жобаның құрылымдық компоненттерін жобалау	1				
4.5	Оқу жобасы жаратылыстану-математикалық пәндері оқытушысының кәсіби даму құралы ретінде			2		
4.6	Курс бойынша жобаның құрылымдық компоненттерін жобалау		2			
5	Вариативтік модуль					2
5.1	Таңдау курстары: ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың жобалық іс-әрекетті (оқу жобасы портфолиосын әзірлеу). Кейс-стади" әдісі арқылы тәжірибелік өмірлік жағдаяттарда математикалық білімді пайдалану бойынша білім алушылардың дағдыларын дамыту. Оқытудағы ынтымақтастық арқылы оқу процесін жобалау. Вариативті компонент бағдарламаларын әзірлеу білім алушылардың кәсіби бағдарлану құралы ретінде					1
5.2	Шеберлік сағаты: Заманауи сабақ. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту (оқытушының жұмыс тәжірибесінен) жаратылыстану-математикалық сабақтарында дарынды білім алушылармен жұмыс. Білім алушыларды оқу жетістіктерін сыртқы бағалауға дайындау					1
	Барлығы:	10	11	9	1	2

кестенің жалғысы

Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақ презентациясы	Жобаларды қорғау	Тестілеу	Барлығы
						4
						4
						4
						1
						1
						1
						1
	1			1	1	18
						1

						1
						1
						2
						1
						1
						3
	1					1
						2
						1
						1
						1
					1	1
				1		1
						8
						1
						1
						1
						2
						2
						2
						1
						1
	1			1	1	36

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының "Жаратылыстану - математика пәндері оқытушысының нәтижеге бағытталған білім беру моделі жағдайындағы кәсіби-тұлғалық дайындығы" тақырыбындағы білім беру бағдарламасына
2 - қосымша

Курстың оқу-тақырыптық жоспары 80 сағат

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Таңдау бойынша дәріс	Практикалық сабақ	Семинар	Тренинг
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4		2		
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары. ТжКБ білім беретін педагогтер қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер	4		2		

2.	Психологиялық - педагогикалық модуль	4		4	2	
2.1	Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2				
2.2	Жаратылыстану-математикалық пәндердің білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі				2	
2.3	Маратылыстану-математикалық сабақтарда білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін жобалау			2		
2.4	Адамгершілік-рухани білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері	2				
2.5	"Өзін-өзі тану" пәнінің жаратылыстану-математикалық білім беру мазмұнымен кіріктіру			2		
3	Мазмұндық модуль	8		12	12	2
3.1	ТжКБ ұйымдарында математика пәні оқыту процесін нормативтік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (МЖМББС - 2012 білім алушылардың дайындық деңгейінің талаптары, типтік, оқу бағдарламалар, ОӘК)	2				
3.2	Табысты оқу мен оқыту, құзырлы оқытушы жөнінде заманауи түсініктер	2				
3.3	Т ж К Б ұ й ы м д а р ы н д а жаратылыстану-математикалық сабақтарында оқыту мақсатын қоюдың тәсілдері. "SMART" ("СМАРТ") ережесі			2		
3.4	Сабақтарда білім алушылардың метатанымдық қабілеттерін дамыту өмір бойы оқу дағдыларын дамыту жағдайы ретінде				2	
3.5	Жаратылыстану-математикалық сабақтарында проблеманы коллаборативті шешуге білім алушыларды тарту				2	
3.6	Т ж К Б ұ й ы м д а р ы н ы ң жаратылыстану-математикалық сабақтарында Б.Блум таксономиясы сыни тұрғыдан ойлауын жүзеге асырудың әдіснамалық негізі ретінде			2		
3.7	Білім алушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту. PISA (ПИЗА) үлгісінде деңгейлік тестік тапсырмаларды әзірлеу	2		2	2	
3.8	Математикалық білім берудің тиімді педагогикалық технологиялары, техникалары мен тәсілдері: Ж.А.Қараевтың деңгейлі саралап оқыту технологиясы оқыту сапасын арттыру құралы р е т і н д е ; М.М.Жанпейісованың модулдік технологиясы; жаратылыстану-математикалық сабақтарында проблемаға бағдарланған оқу					
3.9	Т ж К Б ұ й ы м д а р ы н д а жаратылыстану-математикалық сабақтарында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәсілдемесі. Формативті бағалау білім	2		2		2

	алушыларды өз оқуын жақсарту құралы ретінде. Суммативті бағалау.					
3.10	Пәндер бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау			4	2	
3.11	Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша өндірістік мазмұнда берілген есептерді шығару әдістемесі және білім мазмұнын іріктеу жолдары				2	
3.12	Зерттеу тәжірибелері оқытушының кәсіби дамуының негізі ретінде, зерттеу сабағы: жоспарлау, бақылау, талқылау				2	
3.13	Кіру/шығу диагностикасы					
3.14	Жобаларды қорғау					
4	Технологиялық модуль	4		6	2	
4.1	Білім беру процессінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен мүмкіндіктері	2				
4.2	Цифрлік білім беру ресурстары, пәндер бойынша стандарттық бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы білім беру контентін жобалау технологиясы			2		
4.3	Желілік педагогикалық қоғамдастықтары мен білім беру порталдарымен жұмыс жасау негіздері, Интернет желідегі ашық білім беру ресурстары			2		
4.4	Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері, сабақтарда жоба әдісін қолдану, оқу жобасы оқытушының кәсіби даму құралы ретінде, курс бойынша жобаның құрылымдық компоненттерін жобалау	2				
4.5	Оқу жобасы жаратылыстану-математикалық пәндері оқытушысының кәсіби даму құралы ретінде			2	2	
4.6	Курс бойынша жобаның құрылымдық компоненттерін жобалау			2		
5	Вариативтік модуль		12			
5.1	Таңдау курстары: ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың жобалық іс-әрекетті (оқу жобасы портфолиосын әзірлеу) "Кейс-стади" әдісі арқылы тәжірибелік өмірлік жағдаяттарда математикалық білімді пайдалану бойынша білім алушылардың дағдыларын дамыту. Оқытудағы ынтымақтастық арқылы оқу процесін жобалау. Вариативті компонент бағдарламаларын әзірлеу білім алушылардың кәсіби бағдарлану құралы ретінде		6			
5.2	Шеберлік сағаты: Заманауи сабақ. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту (оқытушының жұмыс тәжірибесінен) жаратылыстану-математикалық сабақтарында		6			

дарынды білім алушылармен жұмыс. Білім алушыларды оқу жетістіктерін сыртқы бағалауға дайындау					
Барлығы:	20	12	24	16	2

кестенің жалғысы

Шеберлік сағаты	Көшпелі тәжірибелік сабақ	Конференция	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақ презентациясы	Жобаларды қорғау	Тестілеу	Барлығы
							6
							6
							10
							2
							2
							2
							2
							2
		2	2		2	2	40
							2
							2
							2
							2
							2
							2
							6
		2					2
							6
							2
							2
			2				2
						2	2
					2		2
							12
							2
							2
							2
							2
							2
							2
							2
							12
							6
							6
		2			2	2	80

Білім және
ғылым министрінің
2019 жылғы 25 шілдедегі
№ 330 бұйрығына
13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
13-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Кадрлар даярлау жүйесін жаңғыртуда мемлекеттік саясаттың және әлемдік үрдістердің аясында өзгерістерді басқару" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

1-тарау. Кіріспе

1. "Кадрлар даярлау жүйесін жаңғыртуда мемлекеттік саясаттың және әлемдік үрдістердің аясында өзгерістерді басқару" тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТЖКБ) ұйымдарының басшыларына арналған.

2. Осы білім беру Бағдарламасы ТЖКБ жүйесін жаңғырту аясында жаңа реформа мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды белсенді жәрдемдесуге, онда ықпалдасуға болып жатқан өзгерістерді түсінуге және қарауға қабілеті бар ТЖКБ ұйымдарының басшыларына арналған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарлама мақсаты әлемдік үдерістер және кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту жөніндегі мемлекеттік саясат аясында инновация және эксперимент режимінде ТЖКБ ұйымдарын басқаруға басшыларды даярлау болып табылады.

4. Бағдарламасының мақсатына жету үшін келесі міндеттер анықталды:

1) Қазақстандағы және әлемдегі кәсіптік білім берудің заманауи үрдістерімен және даму стратегияларымен танысуға; кәсіптік білімді ұйымдастыру үлгілерімен және сапасын бағалау құралдарымен танысуға;

2) жоғары білікті кадрларды даярлау жүйесін жаңғыртудың басты бағыттары және келелі мәселелерінің сипаты жөніндегі түсінігін; техникалық және кәсіптік білім беруді инновациялық қайта өңдеу саласындағы қазіргі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің және бағдарламалық құжаттардың негізгі идеялары жөніндегі түсінігін тереңдетуге;

3) 21-ғасырдағы маманға қойылатын талаптарды; заманауи ғылым және тәжірибе талаптарының контексінде оларды даярлау үдерісінің ерекшеліктерін; оқу процесіндегі оқытушының және студенттің рөлінің өзгеруін талдауға;

4) ТЖКБ ұйымының инновациялық дамуына бағдарланған ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттарын айқындауға;

5) білім беру процесін ұлттық және салалық біліктілік шеңберлерінің, кәсіби стандарттардың және жаңа буынның білім беру бағдарламаларының талаптарының негізінде жобалаудың ерекшеліктерін; жаңа форматтағы оқытушыларға қойылатын талаптарды, оның қызметінің және кәсіптік дамуының табысты болуының критерилерін және шарттарын ұғынуға;

6) болашақ маманға қойылатын заманауи талаптар контексінде ТЖКБ ұйымдағы эксперименталдық білім беру процесін жобалау, ұйымдастыру, басқару және сапасын бағалау саласындағы өзінің кәсіби білігін және дағдыларын; үздіксіз кәсіби даму үшін өзін өзі бағалау және рефлексия дағдыларын жетілдіруге;

7) құзіреттілікке негізделген кәсіптік білімнің артықшылықтарын; өз тәжірибесінде басқаруға арналған заманауи тәсілдемелерді қолдану мүмкіндіктерін; өзінің кәсіптік қызметін жетілдіруге және ТЖКБ ұйымы өмірін жандандыруға қажеттібар потенциалын және ресурстарын, негізгі кәсіптік құзіреттердің қалыптасу деңгейін бағалауға

8) мамандық бейініне сәйкес ғылымның және тәжірибенің озық жетістіктерін тәжірибеге енгізу негізінде студенттерді оқытудың инновациялық және эксперименталдық үдерісін; қолда бар сұраныстарды, ресурстарды және мүмкіншіліктерді талдау және бағалау негізінде ТЖКБ ұйымының инженерлік-педагогикалық ұжымының үздіксіз кәсіби дамуының траекториясын жобалауға;

9) ТЖКБ ұйымын басқарудағы өзіндік тәжірибесінде инновацияларды жобалау және жүзеге асыру жөніндегі негізгі жеке және кәсіби құзыреттерді дамытуға; жүйелік өзгерістерді жүзеге асыруда көшбасшылық, автономдық, бастамашылдық және жауапкершілік; сыни тұрғысынан ұғыну, кәсіби және академиялық ортада инновациялық педагогикалық идеяларды талқылауға және таратуға даярлық;

10) өзінің колледжінде инновациялық өзгерулер үдерісін оқу барысында алған білімінің, білігінің, дағдысының және оқу барысында әзірленген басқарудың заманауи дайын "өнімін" қолдану арқылы іске қосу, үйлестіру және қолдау көрсету.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін:

1) кадрларды даярлау жүйесінің және білім берудің жаңа парадигмасының контексінде кәсіптік білімнің дамуының әлемдік үрдістерін; қолданыстағы нормативтік-құқықтық және бағдарламалық құжаттар контексінде ТжКБ жүйесін жаңғырту бойынша басты бағыттарын және мемлекеттік саясат стратегияларын; ересек білім алушыларды оқыту, ынталандыру және дамыту саласындағы ғылымның және тәжірибенің заманауи концепцияларын, теорияларын, жетістіктерін; құзыреттілік тәсілдеме, модульдік технологиялар және тұлғаға бағдарланған оқыту негізіндегі білім беру бағдарламаларын енгізу жөніндегі эксперименталдық қызметті жобалау және ұйымдастыру ерекшеліктерін; ТжКБ ұйымында инновациялық өзгерістерді басқару бойынша өзінің орнын, рөлін және мүмкіндіктерін біледі;

2) қажеттіліктерді анықтау және ынталандыру мен өзін-өзі ынталандыру құралдарын қолдану жөніндегі; білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын өзгеріп отырын талаптарға сәйкес ТжКБ ұйымын инженерлік-педагогикалық құрамының кәсіптік-тұлғалық дамуы үшін шарттарды жобалау жөніндегі; эксперименталдық қызметті талдау, жоспарлау, ұйымдастыру функцияларын атқару жөніндегі; заманауи тәсілдемелер және технологиялар негізінде білім беру бағдарламаларының және олардың нәтижелерінің сапаларын жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау жөніндегі; сыртқы ресурстарды және мүмкіншіліктерді тарту; заманауи диагностика, бағалау және рефлексия құралдарын қолдана отырып, өзінің кәсіби дамуының траекториясын жобалау және басқару жөніндегі білік және дағды;

3) еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандарды даярлаудағы ғылымның және тәжірибенің заманауи жетістіктерінің негізінде эксперименталдық қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және мониторинг саласындағы жеке және кәсіби құзыреттер; өзінің әріптестерінің академиялық және кәсіби ортасында инновациялық педагогикалық идеяларды таратуға даярлық; жалпы адамзаттық рухани құндылықтарға және заманауи педагогикалық идеалдарға, концепцияларға, теорияларға және оқытудағы тәсілдемелерге бейілділік; өзінің тәжірибесінде және ТжКБ ұйымының тәжірибесінде инновацияларды жүзеге асыру процесінде көшбасшылық, автономдық, бастамашылдықсыни тұрғысынан ұғыну және жауапкершілік.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Біліктілік арттыру бағдарламасы ТжКБ ұйымы деңгейінде оқу процесін инновациялық өзгертуге басшылардың даярлығын қалыптастыруда жүйелілікті

және кешенділікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды шешуге арналған 3 модульден құралған:

1) кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту жағдайындағы техникалық және кәсіптік білімнің жаңа парадигмасы және даму стратегиясы;

2) инновациялық дамуға бағдарланаған ТжКБ ұйымының ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары және механизмдері;

3) ТжКБ ұйымы деңгейінде эксперименталдық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және тиімділігінің мониторингі.

7. "Кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту жағдайындағы техникалық және кәсіптік білімнің жаңа парадигмасы және даму стратегиясы" модулікелесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"ТжКБ дамуының стратегиясы және мемлекеттік саясаты; ТжКБ инфрақұрылымы және жаңа білім беру үлгісі";

"ТжКБ дамуының басым бағыттары";

"ТжКБ жаңғыртудың нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі";

"Біліктілік деңгейін бағалаудың жаңа жүйесі (сертификаттау)";

"Кадрларды даярлауға инновациялық тәсілдемелер";

"Ұлттық біліктілік жүйесі";

"Кәсіби стандарттарды және білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі";

"ТжКБ ұйымының оқу жоспарының үлгісі".

8. "Инновациялық дамуға бағдарланаған ТжКБ ұйымының ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары және механизмдері" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"21-ғасырдың менеджері";

"Тайм-менеджмент";

"Адам ресурстарды дамыту";

"Жанжалдарды (конфликт) басқару";

"Басқару стильдері";

"Басқару қызметінің табыстылығының факторлары";

"Әлеуметтік серіктестікке және еңбек нарығына бағдарланған сыртқы саясат"

9. "ТжКБ ұйымының деңгейінде инновациялық және эксперименталдық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және тиімділігінің мониторингі" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"Инновациялық менеджмент";

"Қолданыстағы НҚА негізінде эксперименталдық және инновациялық қызметті жүзеге асыру шеңберінде ТжКБ-дегі оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу";

"ТжКБ ұйымының инновациялық дамуына бағдарланған ішкі саясат";

"ТЖКБ ұйымының стратегиялық жоспарының негізгі аспектілері жобалау технологиясы".

"Инновациялық және эксперименталдық қызметті бағалау және мониторингтеу".

5-тарау. Білім беру үдерісін ұйымдастыру

10. Білім беру процесі Бағдарламаның 1-ші қосымшасына сәйкес 36 сағаттық курстың оқу-тақырыптықжоспарына сай ұйымдастырылады.

11. Білім беру процесін жақсарту үшін Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда әр түрлі технологиялар, нысандар, тәсілдер, оқыту әдістер мен тексерулер, сондай ақ қашықтан оқыту таңдалады.

12. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту және бағалау процесін интеграциялауға негізделген жүйе болып табылады. Бағалау жүйесі оқу процесіне құзіреттілік, тұлғалық-бағдарланған және сыни-бағдарланған тәсілдемелерінің және бағалаудың екі аспектісінің тіркесінің негізінде құрылады: оқыту үшін бағалау (формативтікбағалау) және оқытуды бағалау (суммативтікбағалау).

13. Бағдарлама бойынша бағалау үдерісіне тыңдаушылардың өздері, бағдарламаның тренерлері тартылады, сонымен қатар тыңдаушының жұмыс орнындағы әріптестері және басшылары және де сондай ақ мекемелердің, өндірістің мамандары және басқалар тартылады.

14. Бағдарламада бағалау Ұлттық біліктілік шеңберінің логикасымен берілген басты 3 критерийдің негізінде жүргізіледі:

- 1) оқыту бағдарламасының басты идеяларын білу және түсіну;
- 2) өзінің жеке кәсіби тәжірибесінде жаңа білімді қолдану бойынша білік және дағды;
- 3) басты жеке және кәсіби құзыреттер.

15. Қорытынды нәтиже болып студенттерді оқытуды жоспарлау және ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдемелер мен технологияларды практикада тыңдаушының білімі, түсінігі және білігін қолдану, және де Ұлттық біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкес келетін басты кәсіби және жеке құзыреттіліктері, сонымен қатар бағдарламадан шығарда тыңдаушылардың дайындаған есебі және оқыту нәтижелерінің қорытынды бағасы арқылы бағалануы болып табылады.

16. Тыңдаушының есебі және қорытынды бағасы бағалаудың басты үш критерийіне тыңдаушының сәйкес келетіндігін растаушы болып табылады.

17. Оқу жоспарларының және Бағдарламалардың мазмұнына еңбек нарығының талаптарына және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру сұранысына қарай қосымшалар және өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Инженерлік-педагогикалық кадрлардың және/немес ТжКБ жүйесі ұйымдарының сұраныстарына сәйкес Бағдарламаның мазмұны Бағдарламаны меңгеруге бөлінген оқу уақытының жиынтық көлемін сақтаған кезде модульдер үшін оқу уақыты көлемін 25% дейін өзгертуге болады.

6-тарау. Білім беру үдерісін жүзеге асыру формалары мен әдістері

18. Білім беру процесі интерактивті оқыту әдістері: кейс-стади, дискуссия, мозговой штурм, рөлдік ойын, жоба әдісі, проблемалықәдіс, ситуациялықміндеттер, кері байланыс, рефлексия және т.б. қамтиды.

19. Білім беру процесі күндізгі (теоретикалық и практикалық) және/немесе қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын үйлестіреді. Интерактивті оқыту әдістерін және заманауи білім беру технологияларын пайдалану арқылы біліктілікті арттырудың модульді-құзыреттілік моделіне Бағдарламаның бағдарлануы қызметтік тәсілді бағамдайды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

20. Тыңдаушыларың кәсіби құзіреттіліктерін жинақталу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы мен бағдарлама мазмұнының игерілу параметрлері құрастырылады.

21. Бес балдық жүйе бойынша бағалау шкаласы:

1) "5" балы тыңдаушы бағдарламаның барлық материалын жетік меңгерген, оны өте жақсы түсінеді және нықты игерген жағдайда қойылады. Сұрақтарға (бағдарлама аясындағы) дұрыс, саналы және сенімді жауап береді. Әр түрлі тәжірибелік тапсырмаларда алынған білімдерін өздігінше қолдана алады. Білікті үздік игерген;

2) "4" балы тыңдаушы бағдарламамен талап етілетін материалды үлкен деңгейде игерген, оны жақсы түсінеді және нықты игерген жағдайда қойылады. Сұрақтарға (бағдарлама аясындағы) қиналмай жауап береді. Алған білімін тәжірибелік тапсырмаларда қолдана алады. Аздаған қателіктер жібереді. Білікті орташа деңгейде игерген;

3) "3" балы тыңдаушы бағдарламаның негізгі оқу материалдарының керегін таба алған жағдайда қойылады. Тәжірибеде білік және дағдысын қолдану кезінде кейбір қиыншылықтарды сезінеді және оларды тренердің аздаған көмегімен еңсереді. Материалды мазмұндағанда қателіктер жібереді және білім мен білікті жалпы түрде игерген;

4) "2" балы тыңдаушы бағдарламаның оқу материалдарының көп бөлігін білмейді, көбінесе тренердің бағыттаған сұрақтарына сенімсіз жауап берген

жағдайда қойылады. Білім және біліктің төмен деңгейін, кей кезде ғана көрсетеді , алайда көбінесе қиыншылыққа тап болады;

5) "1" балы тыңдаушы бағдарлама бойынша өтіліп жатқан материалды толықтай білмеген жағдайда қойылады.

Педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру
курстарының "Кадрлар даярлау
жүйесін жаңғыртуда
мемлекеттік саясаттың және
әлемдік үрдістердің аясында
өзгерістерді басқару" білім беру
бағдарламасына
қосымша

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабактың тақырыбы	Дәріс	Тренинг	Практикалық сабақ, семинар	Жобаны қорғау	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
1.	"Кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту жағдайындағы техникалық және кәсіптік білімнің жаңа парадигмасы және даму стратегиясы" модулі					10
1.1	ТжКБ дамуының стратегиясы және мемлекеттік саясаты. ТжКБ инфрақұрылымы және жаңа білім беру үлгісі		2			2
1.2	ТжКБ дамуының басым бағыттары			2		2
1.3	ТжКБ жаңғыртудың нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі	1				1
1.4	Біліктілік деңгейін бағалаудың жаңа жүйесі (сертификаттау)	1				1
1.5	Кадрларды даярлауға инновациялық тәсілдемелер			1		1
1.6	Ұлттық біліктілік жүйесі	1				1
1.7	Кәсіби стандарттарды және білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі	1				1
1.8	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының оқу жоспарының үлгісі				1	1
2.	"Инновациялық дамуға бағдарланаған ТжКБ ұйымының ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары және механизмдері" модулі					10
2.1	21-ғасырдың менеджері		2			2
2.2	Тайм-менеджмент			2		2
2.3	Адами ресурстарды дамыту		1			1
2.4	Жанжалдарды (конфликт) басқару			2		2
2.5	Басқару стильдері			1		1
2.6	Басқару қызметінің табыстылығының факторлары				1	1

2.7	Әлеуметтік серіктестікке және еңбек нарығына бағдарланған сыртқы саясат	1				1
3.	"ТжКБ ұйымының деңгейінде эксперименталдық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және тиімділігінің мониторингі" модулі					16
3.1	Инновациялық менеджмент	2	2			4
3.2	Қолданыстағы НҚА негізінде эксперименталдық және инновациялық қызметті жүзеге асыру шеңберінде ТжКБ-дегі оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу	1	1	3		5
3.3	ТжКБ ұйымының инновациялық дамуына бағдарланған ішкі саясат	1				1
3.4	ТжКБ ұйымының стратегиялық жоспарының негізгі аспектілері. Жобалау технологиясы			4		4
3.5	Инновациялық және эксперименталдық қызметті бағалау және мониторингтеу				2	2
	БАРЛЫҒЫ	9	8	15	4	36

Қазақстан Республикасы
Білім және
ғылым министрінің
2019 жылғы 25 шілдедегі
№ 330 бұйрығына
14-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 10 наурыздағы
№ 193 бұйрығына
14-қосымша

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогі" тақырыбындағы білім беру бағдарламасы

1-тарау. Кіріспе

1. "Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогі" тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТжКБ) ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған.

2. Осы білім беру Бағдарламасы ТжКБ жүйесін жаңғырту аясында жаңа реформа мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды белсенді жәрдемдесуге, онда ықпалдасуға болып жатқан өзгерістерді түсінуге және қарауға қабілеті бар ТжКБ ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламасының мақсаты Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа форматтағы оқытушыларды және өндірістік оқыту шеберлерін даярлау болып табылады.

4. Бағдарламасының мақсатына жету үшін келесі міндеттер анықталды:

1) ТЖКБ оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби қабілеттілігін және кәсіби дамуын қолдау және жаңа парадигмаға сәйкес оқуына жағдай жасау – "Барлық өмір кезеңінде білім алу";

2) заманауи қазақстандық және әлемдік педагогикалық тәжірибені ескере отырып ТЖКБ оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби деңгейін арттыру;

3) өндірістің және педагогикалық тәжірибенің үздіксіз қарым қатынасының негізінде оқытушылардың және өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби ұтқырлығын дамыту.

3-тарау. Күтілетін нәтижелер

5. Курс аяқталғаннан кейін:

1) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жоғарғы білікті оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері.

2) еліміздің дамып келе жатқан экономикасының сұранысына және еңбек нарығының талаптарына оқытушылардың және өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби деңгейінің сайма-сайлығы.

4-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. ТЖКБ ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру Бағдарламасы басымды екі компоненті бойынша оқытуға бағытталған - өндірістік және педагогикалық.

7. Тыңдаушылардың кәсіби білімін, машығын және дағдысын құру үшін осы Бағдарлама бекітілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келесі 7 модульді игеруді қарастырады:

1) кәсіп/мамандық бойынша жұмысшы біліктілігін алу/растау;

2) кәсіпорындағы машықтану;

3) ТЖКБ жаңа парадигмасы және даму стратегиясы;

4) техникалық және кәсіптік білімді нормативтік, бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;

5) функционалдық АКТ-құзыреттілік;

6) кәсіптік педагогика және психология негіздері;

7) ТжКБ білім беруді жоспарлауға және ұйымдастыруға заманауи тәсілдемелер;

8. "Кәсіп/мамандық бойынша жұмысшы біліктілігін алу/растау" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"Техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары";.

"Жұмысшының қызметін реттейтін нормативтік- құқықтық актілермен танысу";

"Өндірістік бөлімнің наряд-тапсырмасы";

"Еңбек дағдыларын қалыптастырудың механизмдері; өзінің шеберлігін жетілдіру";

"Өндірістің технологиялық процестерін зерттеу";

"Жұмысшы біліктілік бойынша еңбек функцияларының тізімі; шәкірттік;. кәсіпорыннан тағайындалған тәлімгермен жұмыс жасау";

"Жұмыс орнында технологиялық операцияларды орындау (орындалатын операциялар түрлері);. нәтижені бақылау және бағалау".

9. "Кәсіпорындағы машықтану" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"Техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары";

"Маманның қызметін реттейтін нормативтік- құқықтық актілермен жұмыс жасау";

"Өндірістік бөлімнің наряд-тапсырмасы";

"Еңбек дағдыларын қалыптастырудың механизмдері. Өзінің шеберлігін жетілдіру";

"Өндірістің технологиялық процестерін зерделеу";

"Маманның біліктілігі бойынша еңбек функцияларының тізімі";

"Заманауи маманға қойылатын заманауи кәсіпорынның, ұйымның және мекеменің талаптарын талдау".

10. "ТжКБ жаңа парадигмасы және даму стратегиясы" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"Техникалық және кәсіптік білімнің мемлекеттік саясаты және даму стратегиясы. Кіріспе. ТжКБ жаңа оқу үлгісі және инфроқұрылымы";

"ТжКБ дамуының басым бағыттары. ТжКБ жаңғырту бойынша стратегиялық құжаттар";

"Шетелдік білім жүйесінің дамуының негізгі үрдістері";

"Кадрларды даярлауға инновациялық тәсілдемелер, әдістер және оқыту технологиялары";

"Құзыреттілік негізіндегі кәсіптік білім";

"Әлемдік тәжірибе: кәсіптік дуальдық оқыту. Әлеуметтік серіктестік".

"Ұлттық біліктілік жүйесі".

11. "Техникалық және кәсіптік білімді нормативтік, бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"ТжКБ мазмұнын айқындайтын негізгі нормативтік құқықтық актілер";

"ТжКБ жүйесінде қызметті жоспарлаудың заңдық негіздері";

"ТжКБ жүйесіндегі ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберінің рөлі; кәсіби стандарттар";

"Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары";

"Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінде ТжКБ инновациялық үдерістерін оқу-әдістемелік алып жүруді әзірлеу ережесі".

12. "Функционалдық АКТ-құзыреттілік" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"АКТ бойынша кіріспе курс; оқытудың техникалық және бағдарламалық құралдары";

"Мультимедиялық презентациялар жасау";

"Оқу процесін ұйымдастыру үшін, сабақтарды, оқу курстарын даярлау және білімін қадағалау үшін қажетті бағдарламалар пакетімен жұмыс жасау негіздері";

"Білім беру процесіндегі мобильдік, бұлттық технологиялар және әлеуметтік желілер";

"Пән бойынша оқу-әдістемелік кешенінің элементін презентациялау".

13. "Кәсіптік педагогика және психология негіздері" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"Кәсіптік білімнің психологиялық-педагогикалық негіздері";

"Кәсіптік педагогиканың негізгі санаттары; оқыту мен дамыту арақатынасының мәселелерін негізгі шешу тәсілдемелері";

"Кәсіптік білімдегі құзыреттілік тәсілдеме";

"Тиімді студент. ТжКБ жүйесі түлегінің жеке басына қойылатын талаптар. ТжКБ студенттерінің психологиялық-педагогикалық жас ерекшеліктері";

"Тиімді оқытушы; тиімді оқытушының кәсіби-жеке сипаттамалары және құзыреттілігі";

"Кәсіптік білімнің сапасын бағалау. кәсіптік білімнің сапасы және оны өлшеу стандарттары";

"Оқытушының бағалау құзыреттілігі; оқытушының дамуының кәсіптік-тұлғалық дамуының жеке траекториясын жобалау".

14. "ТжКБ білім беруді жоспарлауға және ұйымдастыруға заманауи тәсілдемелер" модулі келесі тақырыптарды оқытуды өзіне қосады:

"ТЖКБ мекемелерінде оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру";

"Оқытудың заманауи стратегиялары; оқытудағы және сабақ берудегі жаңа технологиялар және тәсілдемелер";

"Құзыреттілік тәсілдеме контексінде модульдік оқыту; модульдік бірліктің жобасын әзірлеуге және бағалауға қойылатын талаптар";

"Пән бойынша модульдік бірліктің жобасын әзірлеу және бағалау".

15. Бағдарламаның барлық модульдері бір логикаға, басты идеяға бірлескен бір принцип және тәсіл негізінде құрылған.

5-тарау. Білім беру үдерісін ұйымдастыру

16. Оқытушылардың және өндірістік оқыту шеберлерінің Бағдарламасы келесіден тұрады: 36 және/немесе 72 сағат теориялық оқыту, кем дегенде 72 сағат өндірістік оқыту білім беру процесі Бағдарламаның 1-ші және 2-ші қосымшасына сәйкес курстың оқу-тақырыптық жоспарына сай ұйымдастырылады.

17. Білім беру процесін жақсарту үшін Бағдарлама бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда әр түрлі технологиялар, нысандар, тәсілдер, оқыту әдістер мен тексерулер, сондай ақ қашықтан оқыту таңдалады.

18. Бағдарлама шеңберінде білімді бағалау және бақылау нысандары оқыту және бағалау процесін интеграциялауға негізделген жүйе болып табылады.

Бағалау жүйесі оқу процесіне құзіреттілік, тұлғалық-бағдарланған және сыни-бағдарланған тәсілдемелерінің және бағалаудың екі аспектісінің тіркесінің негізінде құрылады: оқыту үшін бағалау (формативтік бағалау) және оқытуды бағалау (суммативтік бағалау).

19. Бағдарлама бойынша бағалау үдерісіне тыңдаушылардың өздері, бағдарламаның тренерлері тартылады, сонымен қатар тыңдаушының жұмыс орнындағы әріптестері және басшылары және де сондай ақ мекемелердің, өндірістің мамандары және басқалар тартылады.

20. Бағдарламада бағалау Ұлттық біліктілік шеңберінің логикасымен берілген басты 3 критерийдің негізінде жүргізіледі:

- 1) оқыту бағдарламасының басты идеяларын білу және түсіну;
- 2) өзінің жеке кәсіби тәжірибесінде жаңа білімді қолдану бойынша білік және дағды;
- 3) басты жеке және кәсіби құзыреттер.

21. Қорытынды нәтиже болып студенттерді оқытуды жоспарлау және ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдемелер мен технологияларды практикада тыңдаушының білімі, түсінігі және білігін қолдану, және де Ұлттық біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкес келетін басты кәсіби және жеке құзыреттіліктері,

сонымен қатар бағдарламадан шығарда тыңдаушылардың дайындаған есебі және оқыту нәтижелерінің қорытынды бағасы арқылы бағалануы болып табылады.

22. Тыңдаушының есебі және қорытынды бағасы бағалаудың басты үш критерийіне тыңдаушының сәйкес келетіндігін растаушы болып табылады.

23. Оқу жоспарларының және Бағдарламалардың мазмұнына еңбек нарығының талаптарына және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру сұранысына қарай қосымшалар және өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Инженерлік-педагогикалық кадрлардың және/немес ТЖКБ жүйесі ұйымдарының сұраныстарына сәйкес Бағдарламаның мазмұны Бағдарламаны меңгеруге бөлінген оқу уақытының жиынтық көлемін сақтаған кезде модульдер үшін оқу уақыты көлемін 25% дейін өзгертуге болады.

6-тарау. Білім беру үдерісін жүзеге асыру формалары мен әдістері

24. Білім беру процесі интерактивті оқыту әдістері: кейс-стади, дискуссия, мозговой штурм, рөлдік ойын, жоба әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық міндеттер, кері байланыс, рефлексия және т.б. қамтиды.

25. Білім беру процесі күндізгі (теоретикалық и практикалық) және/немесе қашықтықтан оқыту (онлайн) сабақтарын өткізуді, сондай-ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысын үйлестіреді. Интерактивті оқыту әдістерін және заманауи білім беру технологияларын пайдалану арқылы біліктілікті арттырудың модульді-құзыреттілік моделіне Бағдарламаның бағдарлануы қызметтік тәсілді бағамдайды.

7-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

26. Тыңдаушыларың кәсіби құзіреттіліктерін жинақталу деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы мен бағдарлама мазмұнының игерілу параметрлері құрастырылады.

27. Бес балдық жүйе бойынша бағалау шкаласы:

1) "5" балы тыңдаушы бағдарламаның барлық материалын жетік меңгерген, оны өте жақсы түсінеді және нықты игерген жағдайда қойылады. Сұрақтарға (бағдарлама аясындағы) дұрыс, саналы және сенімді жауап береді. Әр түрлі тәжірибелік тапсырмаларда алынған білімдерін өздігінше қолдана алады. Білікті үздік игерген;

2) "4" балы тыңдаушы бағдарламамен талап етілетін материалды үлкен деңгейде игерген, оны жақсы түсінеді және нықты игерген жағдайда қойылады. Сұрақтарға (бағдарлама аясындағы) қиналмай жауап береді. Алған білімін тәжірибелік тапсырмаларда қолдана алады. Аздаған қателіктер жібереді. Білікті орташа деңгейде игерген;

3) "3" балы тыңдаушы бағдарламаның негізгі оқу материалдарының керегін таба алған жағдайда қойылады. Тәжірибеде білік және дағдысын қолдану кезінде кейбір қиыншылықтарды сезінеді және оларды тренердің аздаған көмегімен еңсереді. Материалды мазмұндағанда қателіктер жібереді және білім мен білікті жалпы түрде игерген;

4) "2" балы тыңдаушы бағдарламаның оқу материалдарының көп бөлігін білмейді, көбінесе тренердің бағыттаған сұрақтарына сенімсіз жауап берген жағдайда қойылады. Білім және біліктің төмен деңгейін, кей кезде ғана көрсетеді, алайда көбінесе қиыншылыққа тап болады;

